Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті www.Kyzylkoga.kz

# Қызылқоға

№1(6893) 8 қаңтар 2015 жыл • Әр аптаның бейсенбі күні шығады • Негізі 1953 жылы қаланды

МЕРЕКЕЛІК КЕШ

# ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ШУАҒЫ

## ауданда бұл мейрам айшықты аталып өтті



**Бірлігі мен ынтымағы жарасқан еліміз тағы бір жылды артқа тастап, 2015 жылды қарсы алды. Жағымды жаңалықтар мен толағай табыстарға толы болған өткен жылға өкпеміз жоқ. Жақсылықтың жаршысы болып келген жылқы жылы да жылыстап тарих қойнауына бет алды. Осы орайда, 31 желтоқсан күні жылқы жылын шығарып тастап, қой жылын қарсы алу мақсатында орталық «Тәуелсіздік» паркінде «Жаңа жыл, жаңа нұр, жаңа бақыт, жаңа жыр» атты мерекелік кеш болып өтті. Әдемі безендірілген сахна, түрлі-түсті жарықпен көмкерілген алаң, бір-бірін құттықтасқан тұрғындар барлығы да Жаңа жылдың шырайын кіргізіп тұрды.**

*(Жалғасы 2-3-беттерде)*

ӨНЕР



МӘДЕНИЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ЖАН АЗЫҒЫ 8-9

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



ЖҰБАН ТАМЫ 10

ҚАЗАҚСТАН – 2050



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ ЖҮЙЕСІ пәтер алу үшін қызмет етеді 11

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енді

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, әлемде жаңа экономикалық интеграциялық бірлестік өз жұмысына кірісті. Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің аумағында құрылып, жақында ғана оған Армения елі қосылған Еуразиялық экономикалық одақты Қазақстан тарихының жаңа парағы десе де болады.

2014 жылдың 29 мамырында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа үш мемлекет басшылары Астанада қол қойды. Кейіннен Еуразиялық одақ кеңістігі Армения Республикасымен толығып, «үштік» одақ болып құрылған ұйым, «төрттік» бірлестік ретінде жұмысқа кірісіп отыр.

Айта кетерлігі, тек соңғы бес жылда Қазақстанның Кеден одағына қатысушы елдермен арадағы тауар айналымы 88 пайызға өсіп, 24 млрд. долларлық мөлшерге жеткен. Ресей мен Беларусь еліне қазақстандық экспорт 63 пайызға ұлғайып, 6 млрд. доллар құрады.

Еуразиялық экономикалық одақ - бұл Жер шарының ең ірі тұтынушылық нарықтарының бірі. Бұл - энергия ресурстарының ірі экспорттаушысы болып саналатын интеграциялық бірлестік. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтсақ, бүгін XXI ғасырдың жаңа геоэкономикалық ақиқаты дүниеге қадам жасап отыр.

## Енді желідегі жазба үшін де жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық атқару және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстер заңды күшіне енді. Жаңа Қылмыстық кодекске сәйкес, қауесет таратқан адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады, – деп хабарлайды «Казахстанская правда» газеті.

ҚР Қылмыстық кодексіндегі «Жалған мәлімет тарату» деп аталатын бапта ең ауыр жаза ретінде 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Нақтылап айтсақ, БАҚ-тар немесе әлеуметтік желілер арқылы өсек таратқан адамға 5 000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу, тура осындай көлемде түзету жұмыстарына жіберілу, бас бостандығынан 2 жылдан 5 жылға дейін шектелуі немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, жаңа технологияны пайдалана отырып лаңкестік және экстремизм көрінісін, радикал идеологияны таратуға жауапкершілік қатаңдай түсті. Ендігі де шетелдердегі қарулы қақтығыстарға қатысқан адам қылмыстық жазаға тартылады, бұл туралы бапта 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған.

Еске сала кетейік, ҚР жаңа Қылмыстық кодексі мен «ҚР Қылмыстық заң жобасын жетілдіру мәселелері жөнінде кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға Қазақстан Президенті 2014 жылдың 3 шілдесінде қол қойған еді.

## Қазақстанда мүлікті жария етуге 15 885 өтініш келіп түскен

Қазақстан Республикасы аумағындағы мүлікті жария ету бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанындағы комиссияға 29 желтоқсанындағы мәлімет бойынша жалпы сомасы 116,8 млрд теңге болатын мүлікті жария етуге 15 885 өтініш келіп түсті.

Қаржы министрлігінен хабарлағандай, жалпы сомасы 87,6 млрд. теңге 12 411 тұрғын үй объектісі; сомасы 30,5 млрд. теңге 7 857 тұрғын үй емес объекті, оның ішінде 17,4 млрд.теңгеге 1 491 коммерциялық объект; сомасы 0,7 млрд. теңгеге заңды тұлғалардың 20 қатысу үлесі; сомасы 0,8 млрд теңгеге 1 бағалы қағаз келіп түсті. Сомасы 40,8 млрд. теңгеге 7 301 объект жария етілді.

Мүлікті жария етуге арналған бұрынғыдай өтініштер саны бойынша Алматы облысы мен Алматы алда келе жатыр (5322 және 3202 өтініш тиісінше). Азаматтардың белсендігі бойынша үшінші орынды Ақтөбе облысы (1274 өтініш) мен Қостанай облысы (1186) алды. Азаматтардың белсендігі бойынша соңғы орын Батыс Қазақстан облысында – барлығы 108 өтініш.

ҚР ҰБ есебінің деректері бойынша екінші деңгейлі банктер тарапынан жағдай бойынша жалпы сомасы 8,9 млрд.теңге ақшаны жария етуге 47 жинақтаушы шоттар ашылды, оның ішінде бюджетке 307,2 млн.теңге ақшаны жария ету үшін алым төлей отырып, жинақтаушы шоттардан 2,8 млрд.теңге алынды. ҚР экономикасына 2,9 млрд теңге инвестицияланды.

Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша бюджетке 307,2 млн теңге түсті.

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАНҒА
## ауданда бұл мейрам




(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Осындай керемет көріністі аудан өнерпаздарының мерекелік концерті мен әртүрлі ойын-сауықтың бағдарламасы одан сайын әрлендіре түсті. Кешті «Ойыл аруы» бишілер тобы бимен ашса, әрі қарай жүргізушілер ортаға шығып, тұрғындарды мерекемен құттықтап, думанды кешті бастады. Содан кейін аудан әкімі Мақсот Мұқанов сахна төріне көтеріліп, аудан тұрғындарын құттықтап:

– Биылғы жыл ауданымыз үшін өте сәтті де берекелі жыл болды. Барлық ауылдық округтер толықтай ауызсумен қамтамасыз етіліп, балабақша тапшылығы да оңынан шешілді. Ауданымыздың құрылғанына 70 жыл толу мерейтойын да өз сәнсалтанатымен атап өтіп, есте қалар ерекше мереке болды. Ұлқыздарымыз өнер мен спортта толағай табыстарға жетіп, абыройымызды асырды. Міне, осындай оң өзгерістерге толы өткен жыл да уақыт ағымына еріп, бүгінде тарихқа айналып отыр. Біз, әрине бұл жетістіктермен тоқталып қалмақ емеспіз. Табалдырықты аттағалы тұрған келер жылы бізді көптеген жұмыстар мен шаралар күтіп тұр. Елбасы Жолдауында айтылған Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы сынды атаулы тойлар мен атқарылар шаруаларға бәріміз бір кісідей жұмылып, жұмыс жасауымыз керек. Ендеше баршамызға Жаңа жыл құтты болып, қой жылы той жылы болсын, – деп ақжарма тілегін білдірді. Мерекелік кеш одан әрі думанды бағдарламамен жалғасын тапты.

Кеш барысында көңілді сайқымазақтар мен әртүрлі жан-жануарлардың бейнесіндегі әртістер қойылымдар қойып, аққала жасап, жиылған көрермендердің көңілін бір серпілтіп тастады. Мерекелік кештен әртістермен қатар аудандағы мекемелер де қалыс қалмай, әр ұлттың биін билеп, өнерлерін ортаға салды. Атап айтсақ, Х.Досмұхамедұлы атындағы орта мектеп ұжымы якут халқының биін билесе, Б.Аманшин атындағы орта мектебінің оқушылары шығыс биімен шығып, сахна шырайын кіргізді. Көршілес орыс халқының биін билеген «Жасұлан» балалар бақшасы мен ағылшын елінің биін билеген № 1 мектеп-гимназиясының ұжымдары да жаңа жылдық кештің сәнін келтірді. Сондай-ақ, грузин, испан, француз халықтарының киімін киіп, биін билеген «Балдырған», «Нұр Шуақ», «Балдәурен» балабақшаларының тәрбиешілері де кештің көркі болды. Одан әрі өз өнерлерін ортаға салған Миялы өнер мектебі, саз мектебі және Миялы селолық округі әкімі аппаратының қызметкерлері де әртүрлі ұлттың билерімен танылып, Жаңа жылдық кеште жаңаша қырларынан танылды. Мекеме қызметкерлерінен соң сахнаға шыққан бір топ мектеп оқушылары жастар биінен флеш моб жасап, ерекше өнерлерімен көзге түсті. Осындай би сайысынан соң жаңа жылдың символы болған Аяз ата мен Ақшақарлар да ат шаналармен орталық көшеде шеру жасап, балалармен суретке түсіп, кеш өтіп жатқан «Тәуелсіздік» паркіне келіп, тұрғындарды жаңа жылдарымен құттықтады. Аудан орталығындағы мекемелерден шыққан бір топ Аяз ата мен Ақшақарлар кеш барысында көрермендермен бірге билеп, ойындар ойнап, мерекелік көңілкүйді көтере түсті. Одан әрі жергілікті әншілер Азамат Айтқалиев, Нұрсипат Ізбасарова, Раушангүл Стомма, Зәуреш Жұмағалиева, Ләззат Тастаева, Айкөркем Тайлыбековалар аудан халқын мерекемен құттықтап, жаңа жылдық әндерден шашу шашты. Сонымен қатар, ертегі кейіпкерлері, әр жылдың аңдары, көңілді сайқымазақтар да мерекелік кеште көрініс тауып, қойылымдар қойып, әсерлі шараны әрлендіре түсті. Қызықты ойын, әдемі қойылымдар қойылып, әуезді ән мен ырғақты би өзара үйлесім тапқан көңілді кештің қызығымен тұрған көрермендер сағат тілінің он екіге тақап қалғанын да байқамай қалды. Дәл он екіде аланда орналасқан арнайы экранда Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев тікелей эфирде Қазақстан халқын жаңа жылмен құттықтап, елге тыныштық, әр отбасыға амандық тіледі. Елбасының құттықтауынан соң, мереке одан әрі жалғасып, салтанатты түрде от шашулар атылып, концерттік бағдарламаға ұласты. Жаңа жылдық мерекелік кеш тек аудан орталығы емес, барлық ауылдық округтерде де өз мәнінде аталып өтілді.




### Жангелдиндегі жарасымды шара

Айталық, Жангелдин ауылдық округінде арнайы «Жайлау тынысы» мәдени-үгіт бригадасы құрылып, ауылға қарасты он бес елді-мекенді аралады. Мерекеде Аяз ата мен Ақшақарға ілесіп округ әкімі Аязбай Оразовпен бірге дәрігер, кітапханашы, мәдениет саласының қызметкерлері жолға шығып, қыстақ тұрғындарын Қой жылымен құттықтады. Қыстақ тұрғындары дәрігерлік тексерістен өтіп, кітапханашыдан әдеби кітаптар жаздырып алып жатты. Ауыл өнерпаздары малшы ауылға мерекелік көңіл-күй сыйлап, Аяз ата мен Ақшақар бүлдіршіндерге Жаңа жылдық сыйлықтар таратты. Бұдан соң, «Жаса жайна – Жаңа жыл» атты мерекелік ойын-сауық кеші ұйымдастырылып, ауыл тұрғындары мәдениет үйінің маңына жиналды. Округ әкімі Аязбай Оразов ауыл тұрғындарын құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Жылқы жылы жангелдиндіктер үшін жақсы жыл болды. Ауыл келбеті ажарланып, ел дамуына үлесін қосып отырған кәсіпкерлер саны артты. Жоспарға сай жасалатын жұмыстарда жүйелі жүргізілді. Босағадан кіргелі тұрған Қой жылы құтты жыл болғай, – деді ол. Кеш концерттік бағдарламаға ұласып, тұрғындар бар өнерлерін ортаға салып, Аяз ата мен Ақшақардың сыйлығын алды.

### «Қош келдің, жасыл шырша маңына»

Жаңа жыл мерекесін жасқайрат-

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# ЖАЙЛЫ ШУАҒЫ айшықты аталып өтті

тықтар да ерекше көңіл-күймен қарсы алды. 30 желтоқсан күні мәдени-үгіт бригадасы аталмыш округке қарасты Аққора, Балабейіт және Дәулетиман елді мекендерінде болып, жұртшылық өкілдеріне жаңа жылдық «Жаңа жылым – Жаңа нұрым» атты мерекелік бағдарламаларын ұсынды. Алдымен сөз алған округ әкімі Ерболат Иғали елді мекен тұрғындарын жаңа жылдарымен шын жүректен құттықтаса, өнерпаздар әннен шашу шашып, мың бұрала би билеп, елді мекен тұрғындарын шат-шадыман көңілге бөледі. Оған қоса, арнайы жаңа жылдық сыйлықтарын да үлестірді. Сондай-ақ, «Шалқыма» мәдениет үйі алаңында «Қош келдің, жасыл шырша маңына» тақырыбында жаңа жылдық кеш болып өтті. Құттықтау сөз сөйлеген Ш.Еркінов атындағы орта мектебінің директоры Айнұр Қосдәулетова, «Өрімтал» балалар бақшасының меңгерушісі Нұржамал Бисенғалиева, «Жасқайрат» асыл тұқымды қой зауыты ЖШС-нің директоры Амангелді Нысанов ауыл халқына жаңа жылдық лебіздерін жаудырды. Кеш барысында ауыл өнерпаздарының қатысуымен мерекелік концерт және әртүрлі ойындар ойнатылды.

Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесін тойлауда ауыл балалары да тыс қалмады. Оларға арналып «Төрле, құтты Жаңа жыл» атты ертеңгілік ұйымдастырылды. Және де осы күні ауылдағы тыл ардагерлеріне, 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларға, І-ІІ-ІІІ топ мүгедектеріне округ әкімінің арнайы сыйлықтары табыс етілді.





## Көздіғарадағы көңілді кеш

Көздіғара ауылдық округінде де мәдени-үгіт бригадасы шығып, Қосқұлақ, Бүйрек елді мекендерінің тұрғындарын жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ауыл бүлдіршіндеріне Аяз ата мен Ақшақар сыйлықтар үлестірді. «Самал» мәдениет үйінің жанында ауыл тұрғындары үшін «Жарқырасын Жаңа жылдың шамдары» тақырыбында өткен мерекелік кеш көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Күннің суықтығына қарамастан тұрғындар қызықты көріністерді тамашалап, ертегі кейіпкерлерімен бірге өлең айтып, би биледі. Өнерлерін ортаға салып, Ақшақар мен Аяз атаны қуантты. Өз кезектерінде сыйлыққа да кенелді. Ал, балаларға арналған «Жаңа жылдық ғажайып» атты ертеңгілігі бүлдіршіндерге шаттық сыйлаған шара болды. Әсем әнмен әдемі киінген балалар ертегі кейіпкерлері мен сайқымазақтар ертеңгіліктің көркін келтіріп, өнерлі бүлдіршіндер мен әдемі киінген, ертегі кейіпкерлерінің образдарын сомдаған кішкентай балғындар Аяз атаның сыйлығын алды. Сондай-ақ, салауатты өмір салтын қалыптастыру және мерекелік демалысты қызықты өткізу мақсатында, мекемеаралық волейболдан жарыс өтті. Жарысқа мекемелермен қатар ауыл жастары да белсене қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсете білді. Нәтижесінде, 1986 жылы туылған жігіттерден құралған «Тұлпар» командасы жеңімпаз атанып, екінші орынды Жаңашаруа орта мектебі, үшінші орынды 1996 жылы туылған жігіттер командасы иеленді.

## Жамбылдағы Жаңа жыл

Иә, жанымызға шаттық сыйлар жаңа жыл мерекесі Жамбыл ауылдық округінде жаңа жылдық безендірілуден басталды. Әр мекеме сыртқы келбеттерін әсемдеп, шырша орнатып, түрлі-түсті жылтырақтармен, әдемі ойыншықтармен безендірді. Балалар үшін Жаңа жыл мерекесі – ерекше мереке. Осындай атаулы күнді балабақша мен мектеп әкімшілігі ескерусіз қалдырмай, жаңа жылдық кеш ұйымдастырып, оқушылар мен кішкентай бүлдіршіндер шат-шадыман көңіл күйге бөленді. Ауыл қариялары мен Батыр аналарға да осы күні ілтипат көрсетіліп, округ әкімі атынан сыйлықтар берілді.

Сол сияқты, ауыл тұрғындарына арналған мерекелік шарада округ әкімі Қанат Хайруллин құттықтау сөз сөйлесе, жыл үздіктері мен жақсы жетістіктерге жетіп жүрген мамандар марапатталды. Сондай-ақ, мереке күні биылғы жылы күрделі жөндеуден өткен Қаракөл мәдениет үйі халық игілігіне пайдалануға берілді. Жасыл шырша жанына жиналған ауыл тұрғындары мәдениет үйінің өнерпаздарының мерекелік концертін тамашалап, ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, карнавалдық костюмдер жарысында бақтарын сынады. Ауыл жастары жаңа жылдық кеште қызықты ойындар ұйымдастырып, флеш моб би жарысын өткізді. Сөйтіп, Жаңа жыл мерекесі көңілге көрікті ой тастап, ауыл тұрғындарын қуанышқа бөледі.

## Мұқырдағы мерейлі мереке

Бұл орайда, жаңа жыл мерекесі Мұқыр селолық округінде жылдағыдан өзгешелеу ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн. Себебі, округке қарасты мекеме ұжымдары жаңа жылдық қойылымдар қойып, өз Аяз ата мен Ақшақарларын ортаға алып әсем әуен ырғағында би биледі. Қызықты да думанды көңіл-күймен басталған шараны селолық округ әкімі Естай Мақсотов ашып, жаңа жылдық тілегін жеткізді. Мерекелік кешке «Алтын кілт» балабақшасының жас мамандары Орыс биімен ортаға шығып, балмаскарадтық киім киген ұжым ұйымшылдықпен көпшілік көңілінен шыға білді. Бұдан кейінгі өз өнерлерін әкеліп ортаны думандатқан Мұқыр отбасылық амбулатория қызметкерлері «Цыган таборы» көрінісін көрсетіп, осы ұлттың биі мен әсем әндері шырқалды. Ал, Мұқыр орта мектебінің ұжымы «Жастар биімен» кеш көркін қыздырса, округ әкімшілігі қызметкерлері қазіргі заманғы би өнері флеш моб биін көпшілік назарына ұсынды. Мекеме алаңдарын безендіруден, жаңа жылдық мерекені өткізуде ұйымшылдық танытқан ұжымдар дипломдармен марапатталып, «Ең әсем көмкерілген мекеме алаңы» атағы «Алтын кілт» балабақша ұжымына берілді.

## Жаңа ән тұсауын кесті

Жалпы, әр мерекені әртүрлі бағытта өткізуді ойлап жүретін сағыздықтар жаңа жыл мерекесін 30 желтоқсан күні «Шұғыла» мәдениет үйінде «Ертегілер еліне» атты балаларға арналған ертеңгілікпен бастады. Онда Сағыз ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы Нұралы Әбишан балаларды мерекелерімен құттықтап, аудандық, облыстық байқауларға қатысып жүрген өнерлі балаларға Алғыс хат пен сыйлықтар табыс етіп, мүмкіндігі шектеулі балаларды да сыйлықтан қалыс қалдырмады. Осы тұста, Қоңыраулы, Кенбай, Былқылдақты елді мекендерінде ашылған клубтарда өтетін Жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға сыйлықтар ұсынған Мәрзия Сартаева, Жазира Алау, Берік Қанат, Асылан Сариев, Әлия Таумұханова, Гүлнұр Сағындықова, Нұрмолда Талғат, Сәния Өтемісова, Сымбат Тілеубаева, Мария Баесова, Қайша Максимова, Гүлзия Қауқақова, Анаргүл Ибраемова, Тасболат Бекбауов, Маржан Маңғыбаева, Төребек Тіленов, Тамара Досекенова және жаңа жылдық шыршаны безендіруге атсалысқан Серік Шыныбаев, Нұрлыбек Әміршин, Құдайберген Бекенов сынды кәсіпкерлерге ауыл тұрғындарының алғысы зор екенін айта кеткен жөн. Ал, келесі күні орталық алаңда өткізілген жаңа жылдық мерекемен қатар, мекемеаралық «Екі жұлдыз» байқауы өтіп, №9 орта мектебі бірінші орынды, Кенбай орта мектебі екінші орынды, «Балауса» балалар бақшасы үшінші орынды иеленді. Сондай-ақ, Жаңа жыл мерекесінде «Шұғыла» мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Әбдіғаппар Темірхановтың әні мен сөзіне жазылған «Жаңа жыл» әнінің тұсауы кесіліп, оны әншілер Ғафура Жанбосинова мен Мәншүк Мерғалиева тамылжыта орындады. Бұдан соң жаңа жылдық кеште лотерея ойнатылып, «Айдана-ай» бишілер тобы мен ауыл өнерпаздары өнер көрсетті. Кештің соңында көптен күткен Аяз ата мен Ақшақар келіп, ауыл тұрғындарына қызықты ойындар ойнатып, сыйлықтар ұсынды.

## Тасшағылдықтар табысты жылды шығарып салды

Бір айта кетерлігі – Тасшағыл ауылдық округінде де жаңа жыл жылдағыдан ерекше аталып өтілді.28 желтоқсан күні «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік кеш Қоғам елді мекенінде, 30 желтоқсанда Қоныстану елді мекендерінде болып, округ әкімі мамандарымен бірге ауыл тұрғындарын құттықтаса, мәдениет үйінің қызметкерлері әннен шашу шашып, өнерлерін көрсетті. Аталмыш кеш 31 желтоқсан күні округ орталығында жалғасын тауып, Аяз ата, Ақшақар келіп, мерекелік концерт қойылып, көңілді шараның соңы от шашуларға ұласты.

## Тайсойған мен Қызылқоғадағы жаңаша серпін

Небір таланттылар мен дарындардың тал бесігі болған Тайсойған мен Қызылқоға ауылдық округтері үшін жаңа жыл кеші жас дарындарға жол ашқан кеш болды. Ауылға қысқы демалысқа келген студенттер жаңа жылдық мерекеде өз өнерлерін көрсетіп, тұрғындарды қызыққа бөледі. Сонымен қатар, Тайсойған ауылдық клубы қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі балалардың үйін аралап, сыйлықтармен бірге сәбилерге қуаныш сыйлады. Қызылқоға ауылдық округі де жаңа жылды жаңаша кейіпте қарсы алып, естен кетпес қызықты шара қылып өткізді.

**Осылайша, шырайлы мерекені өз сән-салтанатымен қарсы алған аудан тұрғындары өткен жылға алғыс айтып, жаңа 2015 жылды жақсылықтар мен жағымды жаңалықтарға толы жыл деп үлкен үміт, зор сеніммен қарсы алды.**

***Дулат ҒҰБАЙДУЛЛИН,***
***Гүлмира ТІЛЕГЕНОВА.***

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

ӘКІМДІКТЕ

# Спортшылар мадақталды

**Қашанда, бұқаралық спорттың мәнін арттырып, еліміздің көк байрағын бүкіл әлем алдында желбірететін сайыпқыран спортшылар дайындап шығару басты міндет. Ал, ол үшін спорт саласындағы мамандар ауыл, аудандағы спорттың хал-жағдайын біліп, көкейтесті мәселелерді саралау қажет. Осы орайда, дүйсенбі күні Атырау облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Нұржан Ермұханов ауданымызға арнайы ат басын бұрып, ондағы спорт мектебінің хал-жағдайымен танысты.**



Алдымен, ол аудан әкімі Мақсот Мұқановтың қабылдауында болып, аудан әкімі аппаратының кіші мәжіліс залында аудандағы спорт саласында еселі еңбек сіңіріп жүрген ардагер спортшылар, жаттықтырушы, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдерімен кездесті. Алдымен сөз алған аудан әкімі Мақсот Сайполұлы:

– Барлықтарыңызды жаңа 2015 жылмен құттықтаймын. Өткен жылды ауданымыз жақсы жетістіктер, қызықты оқиғалар, айтулы шаралармен аяқтады. Солардың қатарында спорт саласы да бар. Спорттан жеткен жетістігіміз мол. Әрдайым, біз Мәлік Сүлейменов бастаған спортшыларды мақтаныш етеміз. Әрі қарай да ауданымыздан облыс, республика, әлемдік додаларда абыройымызды асқақтататын спортшылар шығатынына сенім мол. Бүгін біздің ауданға арнайы Атырау облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Нұржан Ермұханов келіп отыр. Бұл біз үшін үлкен қуаныш. Сондықтан, барлық аудан тұрғындары атынан Нұржан бауырымызға қош келдің айта отырып, зор рахмет айтамыз, – деді. Бұдан соң сөз сөйлеген Атырау облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Нұржан Ермұханов облыс спортының 2014 жылы жеткен жетістіктеріне қысқаша тоқталды. Содан соң, аудандағы спорттың дамуына сүбелі үлес қосып, қазақ спортының өркендеуі жолында еселі еңбек сіңіріп келе жатқан спорт ардагері Аманкелді Сақтағанов, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Рахмет Ғалиахметов, Сағынбек Байжанов, Аманқұл Бижанов, Бауыржан Досқалиев, Жарасқан Ізімқұлов, Есбол Аралов, жаттықтырушылар Мәлік Төлеуішов, Шынар Күздеубаеваларды Алғыс хатпен марапаттады. Кездесу соңында спорт ардагері Аманкелді Сақтағанов көрсетіп жатқан құрметке ризашылығын білдіріп, рахметін айтты. Одан кейін облыстан келген спорт басшысы бастаған бір топ спорт мамандары жасөспірімдер арасында дзюдо күресінен өткізіліп жатқан аудандық жарыс пен ересектер арасында ауданымыздың мақтанышы, ҚР спорт шебері Нұрбек Қожағалиевтің құрметіне өткізіліп жатқан қазақ күресінен түйе палуандар сайысын тамашалады. Оған онға жуық палуан қатысып, нәтижесінде Мәлік Төлеуішов түйе палуан атанып, «Қызылқоға барысы» атағын жеңіп алды.



**Б.ІЗБАН.**

«НҰР ОТАНДА»

## Аудан әкімі, мекеме, бөлім басшыларының 2015 жылдың I жартыжылдығында «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалында тұрғындарды қоғамдық қабылдау КЕСТЕСІ

**Мақсот МҰҚАНОВ,**
аудан әкімі
**Қабылдау күндері:**
13 қаңтар, 12 ақпан, 4 наурыз, 9 сәуір, 26 мамыр, 3 маусым (сағат 10.00-12.00)

**Есенбек БИЛАЛОВ,**
аудан прокуроры
**Қабылдау күндері:**
22 қаңтар, 4 ақпан, 18 наурыз, 7 сәуір, 14 мамыр, 10 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Мұратбек ТҰРДАҒАЛИЕВ,**
әділет басқармасының басшысы
**Қабылдау күндері:**
20 қаңтар, 18 ақпан, 12 наурыз, 15 сәуір, 13 мамыр, 11 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Жеңіс МАХМУДҰЛЫ,**
аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы
**Қабылдау күндері:**
23 қаңтар, 26 ақпан, 17 наурыз, 8 сәуір, 20 мамыр, 16 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Алтынгүл АЙМҰРАТОВА ,**
аудандық тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының басшысы
**Қабылдау күндері:**
14 қаңтар, 19 ақпан, 26 наурыз, 16 сәуір, 12 мамыр, 19 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Самат ТАЙШЫБАЙ,**
аудандық орталық аурухананың бас дәрігері
**Қабылдау күндері:**
21 қаңтар, 17 ақпан, 11 наурыз, 17 сәуір, 14 мамыр, 18 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Болат САЛЫҚОВ,**
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларбөлімінің басшысы
**Қабылдау күндері:**
28 қаңтар, 25 ақпан, 27 наурыз, 10 сәуір, 12 мамыр, 4 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Сүйеуғали МАХАМБЕТ,**
аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы
**Қабылдау күндері:**
16 қаңтар, 5 ақпан, 25 наурыз, 21 сәуір, 19 мамыр, 25 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Амангелді БАҒДАРОВ,**
аудандық білім бөлімінің басшысы
**Қабылдау күндері:**
27 қаңтар, 24 ақпан, 10 наурыз, 23 сәуір, 5 мамыр, 24 маусым (сағат 10.00-12.00).

**Жанар ӘЖІҒАЛИЕВА,**
аудандық сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы
**Қабылдау күндері:**
15 қаңтар, 11 ақпан, 13 наурыз, 22 сәуір, 27 мамыр, 23 маусым (сағат 10.00-12.00).

ОҚЫРМАН ПІКІРІ

# Жарқын елдің жалынды жастарымыз

**Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне ие болғанымызға биыл 24 жылға аяқ басып бара жатыр. Осы орайда, Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған толғауы орынды.**

Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің біз үшін орны қашанда бөлек. Сондықтан да, «Толарсақтан саз кешкен» батыр бабаларымыздың әр жылда төгілген қанының, ұлы мұраттар жолында құрбан болған асыл азаматтарымыздың асқақ армандарының, сәбиін білегімен, даласын жүрегімен тербеткен аналарымыздың аққан жасының, жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиіспіз.

Жүз отыздан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бас қосқан қазақ жерінде сәні мен салтанаты жарасқан, достығы мен берекесі артқан әлеуеті өрлеген Тәуелсіз мемлекет қалыптасты. Бұл сөз жоқ, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының жемісі. Бұдан отыз, қырық жыл бұрын әлем картасында аты болғанымен, былайғы ел көп біле бермейтін Қазақстан Республикасы бүгінде күллі әлемді өзіне қаратты. Сарыарқаның төсінен, серпінді дамуымыздың символындай болған сәулетті Астанамыздың бой көтергені де Тәуелсіздік сыйлаған бақыттың бірі. Біздің Астана бүкіл әлемнің көз жауын алған көрікті де келісті қала ретінде қалыптасып келеді. Астанаға қарап қазақ жеріндегі әр ауыл, әр қала бой түзейді, бүгінде.

Рас, тәуелсіздікке енді ғана қолымыз жеткен тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңі елге оңай тиген жоқ. Бірақ, уақытша қиындыққа бола мәңгілік мұратымызды тәрк етпейтін текті елден екенімізді таныта білгеніміздің арқасында, жаңа ғасырға әлеуеті артып, дәулеті тасыған мемлекет болып жеттік. Ел мен ердің бір-біріне артқан сенімінің, межелеген міндетінің арқасында ұлттық әл-ауқат деңгейі жөнінен әлем мемлекеттерінің ретингісінде Қазақстан 110 елдің арасынан 50 орынды иемденді. Дүние жүзін дүрбелеңге салған дағдарыстан дағдармай шығып, дамудың даңғыл жолына түссек, бұл да азаттықтың арқасы.

Болар ел болашағын ойлайды, жастарына сенім артады. Бұл ретте Елбасы саясатының маңызды бір бөлігі жастарға арналып отырғанын айырықша атап өтуге тиіспіз. Бүгінде әр жас азаматтың толыққанды дамуына мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықты ешкімде жоққа шығара алмайды. Жастардың, жас отбасылардың жағдайын жақсарту, табыс деңгейін көтеру, экономикалық көмек көрсету арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту салаларында жүзеге асып жатқан шаралар соның айғағы. Елбасының қолдауымен жүзеге асып жатқан «Болашақ» бағдарламасы 1993 жылдан бері мыңдаған білімді, қабілетті жастардың шет елдердің озық оқу орындарында білім алуына жағдай жасады. Бүгінде «Болашақтың» түлектері мемлекеттік қызметте, еліміздің әр түрлі салаларында, ұлттық компанияларда жемісті еңбек етуде. Сонымен қатар, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да жұмыс жасауға ауылға келген жас мамандардың әлеуметтік жағдайын көтеретін бастамалардың бірі. Ал, ел жастарын топтастырып, ортақ мақсатқа жұмылдыратын, «Жас Отан» жастар қанаты салауатты ұлт қалыптастыру идеясының бастамасы болып отыр.

Сондықтан да баянды бақытымыз ғұмырлы болуы үшін үкілеген үміттерді ақтап, «мен қазақпын» деген әр азамат аянбай тер төгіп, еңбек етіп, еліміздің әрі қарай гүлденіп дамуына үлес қосса, нұр үстіне нұр болар еді.

**Гүлшат ҚАЛИЕВА,**
**Кенбай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.**

## Елде жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өткен жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, оны одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары туралы Қызылқоға ауданы және ауылдық округтер әкімдерінің есеп беру КЕСТЕСІ

| № | Өтетін күні мен уақыты | Өтетін орны | Есепті кездесудегі баяндамашылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 15 қаңтар 2015 жыл, сағат 15.00 | Миялы ауылы, Халел Досмұхамедов көшесі 1 үй, аудандық «Арман» мәдениет үйінің залы | М.Мұқанов-аудан әкімі Н.Бекешов-Миялы ауылдық округінің әкімі |
| 2 | 19 қаңтар 2015 жыл, сағат 10.00 | Сағыз ауылы, Шафих Ізбасов көшесі 14 үй, «Шұғыла» мәдениет үйінің залы | М.Мұқанов-аудан әкімі С.Тұрыш-Сағыз ауылдық округінің әкімі |
| 3 | 19 қаңтар 2015 жыл, сағат 15.00 | Мұқыр ауылы, Мұхамбетжан Зұлханов көшесі 11 үй, Мұқыр орта мектебінің акт залы | М.Мұқанов-аудан әкімі Е.Мақсотов-Мұқыр ауылдық округінің әкімі |
| 4 | 20 қаңтар 2015 жыл, сағат 10.00 | Жангелдин ауылы, Демеу Асанғалиев көшесі 3 үй, Жангелдин ауылдық мәдениет үйі | М.Мұқанов-аудан әкімі А.Оразов-Жангелдин ауылдық округінің әкімі |
| 5 | 20 қаңтар 2015 жыл, сағат 14.30 | Жасқайрат ауылы, Тілеген Қайырбаев көшесі 1 үй, «Шалқыма» мәдениет үйінің залы | М.Мұқанов-аудан әкімі Е.Иғали-Ойыл ауылдық округінің әкімі |
| 6 | 20 қаңтар 2015 жыл, сағат 16.00 | Қоныстану ауылы, Құбаш Жағалбаев көшесі 17 үй, «Самал» мәдениет үйінің залы | М.Мұқанов-аудан әкімі Б.Қабесов-Көздіғара ауылдық округінің әкімі |
| 7 | 21 қаңтар 2015 жыл, сағат 10.00 | Тасшағыл ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі 32 үй, Тасшағыл орта мектебінің акт залы | М.Мұқанов-аудан әкімі М.Куанышев-Тасшағыл ауылдық округінің әкімі |
| 8 | 21 қаңтар 2015 жыл, сағат 11.30 | Қаракөл ауылы, Тұрар Рысқұлов көшесі 31 үй, «Қаракөл» мәдениет үйі | М.Мұқанов-аудан әкімі Қ.Қайруллин-Жамбыл ауылдық округінің әкімі |
| 9 | 21 қаңтар 2015 жыл, сағат 16.00 | Қарабау ауылы, Дина Нұрпейісова көшесі 20 үй, Қарабау орта мектебінің фоесі | М.Мұқанов-аудан әкімі С.Ізмұқанов-Қызылқоға ауылдық округінің әкімі |
| 10 | 22 қаңтар 2015 жыл, сағат 10.00 | Тайсойған ауылы, Айман Самарханова 40 үй, Ғ.Сланов атындағы орта мектептің акт залы | М.Мұқанов-аудан әкімі М.Иманалиев-Тайсойған ауылдық округінің әкімі |
| 11 | 4 ақпан 2015 жыл, сағат 16.00 | Миялы ауылы, Халел Досмұхамедов көшесі 1 үй, аудандық «Арман» мәдениет үйінің залы | М.Мұқанов-аудан әкімі |

## Қызылқоға ауданы бойынша аудан және ауылдық округтер әкімдерінің есеп беру кездесулеріне арналған ұсыныс-пікірлер жәшіктерінің орналасқан орны

| № | Орналасқан орны | Мекен жайы |
|---|---|---|
| 1 | «Миялы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Миялы ауылы, Қаныш Сәтпаев көшесі 12 үй, |
| 2 | «Сағыз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Сағыз ауылы, Сейтім Қуанышев көшесі 1 үй, |
| 3 | «Мұқыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Мұқыр ауылы, Ғиниятолла Есенғалиұлы көшесі 20 үй |
| 4 | «Миялы орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Жангелдин ауылы, Мырзагерей Лұқпанов көшесі 16 үй, |
| 5 | «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Жасқайрат ауылы, Халел Досмұхамедов көшесі 14 үй, |
| 6 | «Көздіғара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Қоныстану ауылы, Құбаш Жағалбаев көшесі 23 үй, |
| 7 | «Тасшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Тасшағыл ауылы, Нәсіпқали Мейрамов көшесі 24 үй, |
| 8 | «Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Қаракөл ауылы, Мырзабай Айшуақов көшесі 41 үй, |
| 9 | «Қызылқоға ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Қарабау ауылы, Әлжан Игілікұлы көшесі 7 үй, |
| 10 | «Тайсойған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Тайсойған ауылы, Ғабдол Сланов көшесі 4 үй, |
| 11 | «Қызылқоға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты | Миялы ауылы, Абай Құнанбаев көшесі 4 үй, |

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# Мақат ауданы бойынша соғыста қаза тапқан боздақтардың тізімі

***Құрметті Қызылқоға ауданының тұрғындары!***

**Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, қала аумағында 1941-1945 жылдары Атырау қаласы бойынша Ұлы Отан соғысынан оралмаған жауынгерлерге арналған ескерткіш тақта орнатуды жоспарлауда. Осыған орай, Қызылқоға ауданы әкімдігі тізімде көрсетілген жауынгерлердің аты-жөні, туған жылы мен өмірден өткен күндері бойынша түзетулеріңізді, сонымен қатар, тізімге енгізілмеген жауынгерлер жөнінде дәлелді құжаттарыңызбен төмендегі байланыс телефондарына хабарласу сұралады. Қызылқоға аудандық ішкі саясат бөлімі, тел. 2-15-11.**

**Қызылқоға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсот Карин, тел. 8 702 280 27 49, 2-13-92.**

**«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау қалалық филиалы қызметкері Талғат Ілиясов тел. 8 701 204 66 76, 27-14-87 эл/адресі: Talgat076@mail.ru Газетіміздің №51-52 (6891-92) 31 желтоқсан 2014 жылғы санындағы «Мақат ауданы бойынша соғыста қаза тапқан боздақтардың тізімі» атты тізімнің алдында «ҰОС хабарсыз кеткендер, бірақ елге оралып, еңбек еткендер» деген жазу жазылғанын ескерте отырып, бұл сөзді оқырмандар қаперге алмауын өтінеміз. Себебі, ескерткіш тақта Ұлы отан соғысынан оралмаған жауынгерлерге ғана орнатылады.**

**(Жалғасы. Басы өткен санда)**

**ДАЯРДИЕВ** Жарман Бақауұлы, лейтенант. 1922 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж шілденің 20-да ауыр жарақаттанып, қайтыс болған. Курс обл. Любажск ауд-ң Ржава Верхний дер-ндағы бауырластар зиратында жерленген.

**ДӘКІРОВ** Қабдолла, қатардағы жауынгер. 1910 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж 2-ші ақпанда қаза тапқан. Линенград обл. Синявино державасында жерленген. 12-қабір.

**ДӘРИЕВ** Хамит, қатардағы жауынгер. 1925 ж Мақат ауд-ң Доссор пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж қарашаның 26-да майданда қаза тапқан.

**ЕЛЕУОВ** Болат, қатардағы жауынгер. 1914 ж Атырау обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж шілденің 25-де майданда қаза тапқан. Орел обл. Верховск ауд-ң Дол селосында жерленген.

**ЕРБОЛАТОВ** Равиль, лейтенант. 1924 ж қазіргі Маққат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж қазанның 21-де майданда қаза тапқан. Эйдкупен қ-да жерленген.

**ЖАҚЫПОВ** Бақтыгерей, қатардағы жауынгер. 1896 ж қазіргі Маққат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж қаңтардың 26-да Линенград обл. жеріндегі майданда қаза тапқан.

**ИМАНБАЕВ** Есен, кіші сержант. 1912 ж қазіргі Маққат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж тамыздың 14-де майданда қаза тапқан. Крестцы дер-нан оңтүстік шығысқа қарайғы бағытта жерленген.

**КАРТАШОВ** Иван Дмитриевич, лейтенант. 1924 ж Маққат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж қазанның 1-де Югославия жерінде қаза тапқан.

**КЕЙКЕШОВ** Молдағали, қатардағы жауынгер. 1920 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж қыркүйектің 8-де Линенград обл-ғы Старая Руссода қаза тапқан.

**Қадірәлиев К**, қатардағы жауынгер. 1900 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж сәуірдің 30-да ұрыста қаза тапқан. Ленинград обл.Чудовский ауд-да Полисть с-нда жерленген.

**Қажентаев** Аққали, қатардағы жауынгер. 1901 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж мамырдың 26-да жарақаттан қайтыс болған. Калинин қ-ғы бейітке жерленген.

**Қалиев** Қауымбай, қатардағы жауынгер. 1922 ж қазіргі Мақат ауд-ң 1-ауылында туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж шілденің 11-де ауыр жарқаттан қайтыс болған. Орел обл.Никополь ауд-ң Круглое с-ғы шіркеу маңындағы бейітке жерленген.

**Қалиев** Сағынбай, қатардағы жауынгер. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж желтоқсанның 2-де майданда қаза тапқан. Сталинград обл Платоново хут-нда жерленген.

**Қапанов** Түгелбай, қатардағы жауынгер. 1923 ж туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж қазанның 2-де майданда қаза тапқан. Сталинград обл Елень с-нда жерленген.

**Қонақбаев** Оңғарбек, қатардағы жауынгер. 1923 ж қазіргі Мақат ауданының Мақат пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж тамыздың 6-да қаза тапқан. Ленинград обл.Новая дер-нда жерленген.

**Қорқытов** Мардан, қатардағы жауынгер. 1924 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж қазанның 10-да ауыр жарақаттан қайтыс болған.

**Қошқарбаев** Қуаныш, қатардағы жауынгер. Қазіргі Мақат ауд-ң Доссор пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж желтоқсанның 5-де майданда қаза тапқан. Орел обл Троицкое дер-нда жерленген.

**Лебедев** Георгий Павлович, аға сержант. Қазіргі Мақат ауд-ң Доссор пос-де туған. 1944 ж қаршаның 5-де майданда қаза тапқан. Литва респ.Развилишки қ-ғы әскери қалашықтың Р-1 бейітінде жерленген.

**Логвинович** Владимир Васильевич, 1918 ж туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж қыркүйектің 11-де Харьков обл жерінде қаза тапқан.

**Мағзомов** Кенжеғали, қатардағы жауынгер. 1913 ж туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж тамыздың 4-де ауыр жарақаттан қайтыс болған. Львов обл Бжездовце с-ндағы бейітке жерленген.

**Мақашев** Қаражан, аға сержант. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж қазанның 29-да майданда қаза тапқан. Линиград обл Личнев ауд-ң Стрелицы дер маңында жерленген.

**Маралов** Оран, гв.сержант. Қазіргі Мақат ауд-ң Байшонас пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1945 ж наурыздың 20-да майданда қаза тапқан. Германия жеріндегі Россельвейд дер-нда жерленген.

**Маханов** Іжад, қатардағы жауынгер. 1901 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж шілденің 12-де майданда қаза тапқан. Смоленск обл Гжатск ауд-ң Ламки дер-нда бауырластар зиратында жерленген.

**Назарбаев** Өзембай, қатардағы жауынгер. 1919 ж Атырау обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж қазанның 20-да Ростов обл қаза тапқан.

**Нұрғалиев** Дүйсен, қатардағы жауынгер. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж қаңтардың 26-да майданда қаза тапқан. Лининград обл Новогорд ауд-ң Хошобуш дер-ң батысындағы 1,5 шақырым жердегі тоғайда жерленген.

**Оразалиев** Отар, қатардағы жауынгер. 1923 ж Мақат пос-де туған. Әскерге 1942 ж Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж сәуірде қаза тапқан.

**Оразбаев** Хамит, қатардағы жауынгер. 1920 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж желтоқсанның 24-де майданда қаза тапқан. Смоленск обл Бельский ауд-ң Огибалово дер-да жерленген.

**Утешов** Мырзабек, 1901 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж желтоқсанда майданда қаза тапқан.

**Өтеғұлов** Төре, қатардағы жауынгер. 1913 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге 1942 ж Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж ақпанның 5-де майданда қаза тапқан.

**Өтеулиев** Базарғали, қатардағы жауынгер. 1922 ж Атырау обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж майданда қаза тапқан. Беларусь респ.Релинк қ-да жерленген.

**Палушкин** Александр, лейтенант. 1924 ж Атырау обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж қыркүйектің 7-де Сталинград жерінде қаза тапқан.

**Рагачев** Иван Петрович, қатардағы жауынгер. 1897 ж Киров обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж сәуірдің 8-де Ленинград жеріндегі майданда қаза тапқан.

**Рзиев** Тасмұқан, кіші лейтенант. 1921 ж Доссор пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж мамырдың 25-де ауыр жарақаттан қайтыс болған. Ленинград обл Крестцы пос-дегі бейіттің шығыс бетінде жерленген. 12-қабір.

**Ритвинский** Эдуард Степанович, қатардағы жауынгер. Доссор пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1945 ж наурыздың 3-де Померания воеводствосында қаза тапқан.

**Рысмұқамбетов** Нұрғали, 1918 ж Доссор пос-де туған. Әскерге 1939 ж Мақат АӘК арқылы шақырылған. Хабарсыз кеткен.

**Саланов** Ізмұқан, аға сержант. 1921 ж қазіргі Атырау обл-ң Ескене пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж тамыздың 16-да ұрыста қаза тапқан. Поляк респ.Сташевск округі Яблоница дер-да жерленген.

**Салықбаев** Боранхан, қатардағы жауынгер. 1904 ж туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж желтоқсанның 27-де ұрыста қаза тапқан. Воронеж обл Маклиновск ауд-ң В.Гнилушка с-ғы бейітте жерленген.

**Самалықов** Садиғадыр, қатардағы жауынгер. Қазіргі Атырау обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж тамыздың 28-де ұрыста қаза тапқан. Орел обл Верховск ауд-ң Дычня дер-да жерленген.

**Сапиев** Смағұл, 1900 ж Доссор пос-де туған.

**Саржанов** К, қатардағы жауынгер. Атырау обл-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж ақпанның 28-де ұрыста қаза тапқан. Ровно қаласында жерленген.

**Сейілов** Көздібай, сержант. 1911 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж қыркүйектің 2-де ұрыста қаза тапқан. Орел обл Севск ауд-ның Светово дер-нан солтүстікке қарай жүргендегі 1 шақырым жерде жерленген.

**Селафьев** Николай Севастьянович, лейтенант. 1912 ж қазіргі Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж қыркүйектің 26-де ұрыста қаза тапқан. Коми респ.Сыктывкар қ-да жерленген.

**Таңатаров** Жұмағұл, сержант. Доссор пос-де туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1944 ж наурыздың 10-да ұрыста қаза тапқан. Калинин олб Пустошинск ауд-ғы Глушево дер-да жерленген.

**Тастамбеков** Сейітқали, 1898 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж мамырдың 13-де ауыр жарақаттан қаза болған. Мичуринск қ-ғы бейітке жерленген.

**Шаденов** Үміт, 1918 ж Доссор пос-де туған. 1944 ж шілденің 9-да ұрыста қаза тапқан. Волынь обл Мацюевск ауд-ң Піародубы с-ның шығыс жақ шетіндегі бақта жерленген.

**Шаланов** Жәкен, ефрейтор. 1922 ж Атырау обл туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж мамырдың 2-де Ленинград жерінде майданда қаза болған.

**Шапошников** Михаил Викентьевич, қатардағы жауынгер. 1925 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1945 ж ақпанның 25-де ұрыста қаза болған. Латвия респ Приэкулевск болысындағы Дэди дер-нан оңтүстік батысқа қарай 30м жерде жерленген.

**Ыбыраев** Ақтай, қатардағы жауынгер. Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943 ж қарашаның 24-де ұрыста қаза тапқан. Калинин обл Пустошенск ауд-ң Кузнецево дер-да жерленген.

**Ыбыраев** Ермонхай, қатардағы жауынгер. 1913 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1942 ж 5-қыркүйекте жараланып қайтыс болған. Новая атты дер-дан оңтүстікке қарай 25 шақырым жерде жерленген.

**Ідірісов** Ермұқамбет, майор. 1909 ж Мақат ауд-да туған. Әскерге Мақат АӘК арқылы шақырылған. 1943ж қыркүйектің 21-де Харьков обл ұрыста қаза тапқан.

# Индер ауданы бойынша соғыста қаза тапқан боздақтардың тізімі

Абатов Әліпқали
Абатов Калымгали
Абатов Камидолла
Абдиров Шаутен
Абдрахманов Қалық
Абдрахманов Рахметолла
Абдулов Курманғали
Аблезов Шидан
Аблешов Дюсенгали
Аблешов Кайржан
Абреков Кабдолла
Абуов Қуанғали
Агирашев Кабдол
Адаев Сапар
Адешов Куттыгали
Ағатаев Әмірғали
Ағатаев Байғали
Аженов Калим
Аженов Габбас
Ажмуратов Рахметолла
Азмуханберов Сат
Аитқазиев Орынбасар
Айғазин Есен
Айдыналиев Нухы
Айманбетов Ә
Айсин Сипигалий
Айтбаев Кажыгали
Айтекенов Смагул
Айтқазиев О
Айтқулов Төлеп
Айтмаганбетов Мекеш
Айтмағанбетов Мерген
Айтманов Кумар
Айтуаров Жумагали
Айтуаров Балгымбай
Акбалин Ермеккали
Акбалин Камидолла
Акбойдаков С
Акәділов Камал
Акбалинов Кайролла
Акмукашев Қабдірхан
Акмукашев Шариф
Ақбалин Хамидулла
Ақбелісов С
Аққонысов Ғ
Аққонысов Ж
Аққонысов Қ
Аққонысов М
Аққонысов Ш
Ақмұқашев С.
Алакөзов Ізмаиыл
Алатаев Құмар
Алдабергенов Кенжеғали
АлдамбергеновМасәлім
Алипов Шаки
Алипов Шәки
Алмагамбетов Айдаргали
Алмагамбетов Беккали
Алмагамбетов Кабыш
Алмембетов Абу
Аманбаев Қали
Аманкулов Ескайр
Аманқұлов Тілеген
Аманов Жылқыбай
Амиров Қабылша
Амиров Лукпан
Андақулов Боранбай
Андакулов Дүйсен
Андакулов Кален
Андакулов Куаныш
Апақашев Ғаділ
Аравин Иван Михайлович
Арыков Александр Константинович
Арыков Василий Сергеевич
Арыков Георгий Константинович
Арыков Илья Григорьевич
Арыстанов Аманғали
Арыстанов Мақтым
Арыстанов Ореке
Асанов Бисенғали
Асанов Ешмуханбет
Асанов Молдағали
Асанов Мұқан
Асқаров Кәрім
Асленов Иван
Атабалиев А.
Аталықов Әлмұхан
Атеев К.
Атеев Г.
Аулатов К.
Ауқатов Сыдық
Ахметжанов Нугман
Ахметжин Фарит
Ахметов Қалыбай
Ахметов Қабдол
Ахметов Кабдол
Ахметов Қапен
Ахметов Қарабала
Ахметов Нұжым

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |



# МӘДЕНИЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ

**Елдің рухани дамуы мен кемелденуі үшін ең маңыздысы мәдениет саласы екені мәлім. Құлақтан кіріп бойды алар тәтті әуен мен күмбірлеген күй, әуезді әуенмен үйлесім тапқан ырғақты би, рухани байлық сыйлайтын театр, кітапхана бәрі де осы мәдениет ұғымы аясында бірігіп, елге қызмет етіп келеді. Қазақылығы бұзылмаған біздің ауданның мәдени саласы бүгінде облыстың алды болып, руханияттың үлгісі болып отырғаны мәлім. Оған дәлел облыстық мәдениет басқармасы мен халық шығармашылық орталығының бекіткен «Алтын бәйтерек» белгісін 3 жыл қатарынан жеңіп алып, ауданда тұрақты қалдыруы. Одан бөлек біздің өнерпаздар әр барған сайыс пен фестивальдардан жүлдесіз қайтып көрген емес. Осындай зор табыстар мен оң нәтижелерге толы аудан мәдениетінің бүгінгі даму деңгейі қандай, ақсап тұрған кейбір салаларды қалай аяқтан тұрғызуға болады? Міне, осындай сауалдарға жауап табу үшін аудан мәдениетінің «мәйегі» болып отырған аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жәния ҚАЛИҚЫЗЫМЕН аз-кем сұхбаттасқан едік.**

***– Жәния Қалиқызы жаңа жылыңызбен! Мәдениеттің қоғамға, ел өміріне тигізер пайдасы қандай? Өткен Жылқы жылы аудан мәдениеті үшін нендей ерекшелігімен есте қалды?***

– Біздің аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Елбасының ұстанған саясатын жүзеге асыру бағытында, ауданымызда ауыл мәдениетін көтеруде елеулі жұмыстар атқаруда. Жылқы жылы жетістіктер де жетерлік.



Айталық, Қызылқоға ауданының құрылғанына 70 жыл толу мерейтойына орай аудан орталығы Миялыда өткен аймақтық «Жігіт сұлтаны» байқауы ұйымдастырылып, оған Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарынан білекті де, жүректі жігіттер қатысты. Сол сайыста, Роман Майлашев жүлделі бірінші орынды иеленді. Мәдениеттің тағы бір маңызды саласы театр дейтін болсақ, біздің театрлар да биылғы жылды табысты аяқтап отыр. Атап айтсақ актер, режиссер, Қазақстанның және КСРО халық артісі Шәкен Аймановтың 100 жылдығына орай «Шынайы шымылдық» ІІІ облыстық драма ұжымдары, әуесқой және халық театрларының атағын қайта қорғауға арналған байқауы Атырау қаласында ұйымдастырылып, байқауға ауданнан екі халық театры мен екі драма ұжымдары қатысып, төртеуі де «Халықтық театр» атақтарын қорғап шықты.

Сонымен қатар, осы жылдың қыркүйек айында аудан өнерпаздары көршілес Мақат ауданына барып, Қызылқоға ауданының мәдениет күндерін өткізді. Биылғы аудан мәдениеті үшін бір жағымды жаңалық, ол – болашақта шығармашылық, әдістемелік негізде ауданның барлық өнер саласында еңбек еткен өнер майталмандарының өмірлерін, өнерлерін зерттеп, оларды насихаттау үшін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанынан «Әдістемелік, халық шығармашылығы мен мәдени демалыс қызметтерін ұйымдастыру орталығы» құрылды. Аталған орталық облыс бойынша бірінші рет Қызылқоға ауданында ғана ашылып отыр. Бұл да болса біздің ауданның облыс көлемінде алдыңғы сатыда екендігінің тағы бір дәлелі. Осылайша біз өткен жылды толағай табыстармен аяқтадық деп сенімімен айта аламын.

**– Ауылдық округтердегі мәдениет үйлерінің қал-ахуалы қалай? Сахналық киіммен, музыкалық құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етілген бе?**

– Ауданның мәдени саласын көтеруде аудан әкімі тарапынан көптеген қамқорлықтар көрсетіліп жатқанын баса айта кеткім келеді. Аудан басшыларының тікелей қолдауымен бүгінде барлық мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жүргізу, музыкалық аспаптар, ұлттық киімдер, сахна безендіру тағы басқа да керекті заттарды алу сынды мәселелер оң шешімін табуда.

Материалдық техникалық базамыз соңғы бір-екі жылда күрт өсті. Мәдениет үйлеріне автокөліктер де алынып беріліп жатыр. Қай жерде де елдің бет-бейнесі оның мәдениеті мен экономикасына байланысты. Олай болса, мәдениетті елдің болашағы да зор болатыны белгілі. Қызылқоға ауданының мәдени өмірі, өзге аудандармен салыстырғанда көш басында. Себебі, бізде мәдени салаға барлық жағдай жасалып, аудан халқы мәдени ошақтармен, кітапханамен түгелге жуық қамтылып отыр. Тек Қызылқоға, Мұқыр, Тасшағыл сынды ауылдық округтерге жаңадан мәдениет үйлері салынса деген тілегіміз бар.

Өткен жылы «Арман», «Самал», Шұғыла» «Жанкелдин» мәдениет үйлерімен, орталық кітапхана ғимараттарына заманауи үлгіде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, барлық мәдениет мекемелеріне ұлттық киімдер, музыкалық аппаратуралар, ұлттық аспаптар, қатты-жұмсақ жиһаздар алынып берілді. Бүгінде барлық ауылдық округтердегі мәдениет үйлері арасынан күрделі жөндеуді қажет ететін «Шалқыма» мәдениет үйі болып отыр. Алдағы жылы қамқорлықтар мен қолдаулар жалғаса беретін болса, ол мәселе де оң шешімін табады деген сенімдемін.

***– Біздің ауданнан шығып, бүгінде республика көлемінде танылып жүрген өнер иелері аз емес. Солардың басын қосып концерт ұйымдастыру ойда жоқ па?***

– Әрине, ауданымыз өнер мен мәдениеттің ордасы екенің, бүгінде облыс емес, республика мойындап отыр. Оған дәлел ауданымыздан түлеп ұшқан туma таланттарымыз, республика көлеміне танылып жүрген әнші, күйшілеріміз. Атап айтқанда жерлес жас күйші Бауыржан Ақтаев, әнші Әсет Қарабалин, ауылымыздан шыққан термеші Ғалия Базарбаева сынды өнер тарландары. Олардан басқа академия мен консерваторияларда қаншама дарындарымыз оқып жатыр. Міне, осындай мақтаныштарымыздың басын қосып, концерт қою ойымызда бар. Ол болашақтың еншісінде.

***– Ауданда кенже қалып жатқан термешілер, дәстүрлі ән айтушылар секілді мәдени салаларды қалай дамытуға болады?***

– Ұлағатты халқымыздың дәстүрлі әндерін қилы заманнан қазіргі кезеңге жетуінің өзі әншілердің өнер болмысымен тікелей байланысты. Өйткені, әнші арқылы әнді естіп ұғынамыз, сырлы әуеніне қанамыз. Ауданымызда терме мен дәстүрлі ән айту өнері қатты кенже қалып отыр деуге болмас. Өйткені, жасқайраттық Дәулен Бисенғалиев, жамбылдық Иғали Ізтұрғанов, қарабаулық Роза Бүркіт, сағыздық Боранбай Сатыбалдиев, миялылық Ғалия Базарбаева, Қанибек Үмбетов, Дана Мәделбекова, көздіғаралық Ұлан Жәкенов сынды мақтаныштарымыз дәстүрлі әнді дәріптеп жүр. Сондай-ақ, халық термесі мен оны айтушылар жыл сайын жас таланттармен толығуда. Олар Гүлмая Орынбай, Берік Амантаев, Меруерт Макарова, Қуат Жаймағамбетов, Біржан Нұрсановтар Ғ.Құрманғалиевтің, халық әндерін, Базар жырау, Ақтан Керейұлы, Нұрым жыраудың термелерін кеңінен насихаттауда.

Әрине, бұл салалар халқымызбен бірге жанданып келе жатқан өнер болғандықтан осы саланы дамыту үшін үйірмелер ашып, жастарды кеңінен тарту қажет. Қазіргі таңда «Есбай», «Шалқыма», «Қаракөл», «Шұғыла» мәдениет үйлерінде терме үйірмелері жұмыс жасайды.

***– «Есіңдеме сол бір жыл», «Ардагерлер әуендері» сынды ретро кештер де аудан көлемінде елеусіз қалып жатыр. Осыларды қайта жаңғыртып, неге тасадағы таланттарымызды қайта жарыққа шығармасқа?***

– Ардагерлер біздің өнердегі жол бастаушы көсемдеріміз екені мәлім. Олардың өмір жолын үлгі етіп, жас ұрпаққа насихаттау бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атап айтсақ, Ұлы Жеңістің 69 жылдығына орай әрбір округтердегі Бүкілодақтық фестивальдың лауреаттары мен әнші, күйші, термешілердің басын қосып «Ардагерлер әуендері» атты концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. Осындай игі шаралардың арқасында 2014 жылдың желтоқсан айында Атырау қаласында өткен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қайран ерлер қаһарман ардагерлер» атты мерекелік концертке ауданның атынан ардагер әншілеріміз Ұлдаш Құлшықова мен Ғалия Ықыласовалар өнер көрсетіп қайтты. Осы ардагерлерімізді есте сақтау, ел арасында насихаттау мақсатында арнайы кітап шығып, аталған ардагер әншілер осы кітапқа енгізілмек.



***– Елбасының биылғы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында келер жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңіске 70 жыл, Қазақстан халқы ассамблеясының жылы сияқты көптеген***

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# РУХАНИ ЖАН АЗЫҒЫ

***тойлар өткізілу жоспарлануда. Осыған орай, Жолдауға қолдау көрсету мақсатында қандай іс- шаралар жасақталуда?***

– Елбасының биылғы Жолдауы расыменде мәдениет пен руханиятқа үлкен қозғау салып, көптеген игі шаралардың бастамасы болғалы тұр. Жолдауда айтылған мерейлі мерейтойлардан біздің бөлім де арнайы іс-шаралар жасақтап, алдағы жылы халыққа ұсынбақ. Атап айтқанда, «Тарихтың ұлы тұлғалары» атты округ күндерін өткізу, мекемеаралық өнер фестивалі, «Бабалар салған сара жол» атты мектепаралық жас ақындар айтысы, драма ұжымдары мен халық театрларының байқауы сынды ауқымды шаралар жоспарлануда.



Елбасымыз әр Жолдауында жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беру мақсатында ел ішіндегі талантты жастарды тауып, олардың шығармашылықпен жұмыс жасауына қолдау көрсетіп келеді. Міне, сондай қолдаудың нәтижесінде аудандағы мәдениет ошақтары жас мамандармен жыл сайын толығып келеді. Мәдениеттің мәртебесін көтеріп жүрген жастар арасынан Айкөркем Тайлыбекова, Азамат Қабылов, Нұрсипат Ізбасарова, Азамат Айтқалиев, Данияр Тұрсынұлы, Сәнімгүл Басамбаеваларды ерекше атап кетуге болады. Аталған мамандар еңбегіне сай жан-жақты қолдау да көріп отыр. Жас мамандарды тұрғын үймен қамту негізінде «Арман» мәдениет үйінің қызметкерлері Нұрсипат Ізбасарова мен Айболат Сексенбаевқа үкімет тарапынан үй берілді. Бұл да маман тапшылығын шешудегі атқарылған игі істердің бірі болды.

***– Кітапхананың жай-күйіне тоқтала кетсеңіз? Қазіргі интернет пен жаңа технологиялар заманында кітапқа деген сұраныс түсіп кеткен жоқ па?***

– Қанша жерден интернет дамып, жастарды арбап алса да дәл кітаптай рухани азық бере алмасы анық. Бүгінде ауданымызда 28 кітапхана тұрақты жұмыс жасайды. Оқырмандармен байланысты нығайтып, кітапқа деген қызығушылықты арттыру мақсатында көптеген шаралар жасалуда.

«Бір ел – бір кітап – 2014» акциясы негізінде жазушы Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» кітабын оқу арқылы оқырмандар жазушының барлық шығармаларымен танысты. Сонымен қатар, кітапханалар түрлі қоғамдық ұйымдармен байланыста болып, бірлесіп, тәрбиелік шаралар ұйымдастырып отырады. Маңыздыларына тоқталсақ діни сауаттылық, имандылық тәрбиесі негізінде дін қызметкерлерімен, құқықтық сауаттылық негізінде құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, еңбек тәрбиесі негізінде әр саладағы еңбек адамдарымен кездесулер ұйымдастыру дағдыға айналған. Осындай жұмыстарымыздың нәтижесінде тұрақты оқырмандар қалыптасып, кітапханалар жұмысы жандануда.

***– Жалпы, «Тарихи мәдени мұраларды дамыту» бағдарламасы бойынша тарихи маңызы бар ескерткіштер қалай қорғалуда, солардың хал-ахуалы жайлы баяндап өтсеңіз?***

– Қызылқоға ауданы бойынша жергілікті маңызы бар, мемлекеттік




тізімге енген 98 тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан. Бүгінде оларды қалпына келтіру үшін мемлекет тарапынан арнайы қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жасалуда. Атап айтқанда, биылғы жылы Ойыл және Тасшағыл ауылдық округтерінде Ұлы Отан соғысынан оралмаған жауынгерлерге арналған обелисктерге қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

***– Тілдерді дамыту бағытында қандай істер атқарылып жатыр?***

– Мәдени сала мен тілдерді дамыту біздің ең негізгі бағытымыз болғандықтан тіл мәселесі де назарымыздан тыс қалып отырған жоқ. Қазақстан Республикасының Конституциясына 19 жыл толуына, сондай-ақ, 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай ауданда 4 қыркүйек күні «Тіл күні» болып белгіленіп, соның негізінде біршама істер атқарылды.

Сонымен бірге, биылғы жылы «Тіл – барлық білімнің кілті» атты орыс тілі білгірлерінің байқауы, «Қызылқоғалық тіл шебері» үштұғырлы тіл саясатын насихаттау бағытында аудандық байқау, Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы, «Абай оқулары» аудандық байқауы, «Жырға қосамын сені туған өлкем» аудандық мүшәйрасы, «Тіл – халық жанын танудың кілті» атты жазба ақындар мүшәйрасы, «Сүйемін туған тілді анам тілін» атты селолық көркемсөз оқу шеберлерінің байқаулары өткізілді. 22 қыркүйек күні Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай, «Арман» мәдениет үйінде «Тіл – біздің тірегіміз» атты тіл айлығын қорытындылау мақсатында мерекелік шара болды.

Сондай-ақ, этнос өкілдері арасында «Абай оқулары» облыстық байқауы Құрманғазы ауданында өтті. Оған ауданнан Раушангүл Стомма қатысып, жүлделі ІІІ орынды иемденді. Қысқасы, тілдерді қолдануда, дамытуда ауданда атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды.

***– Келер жылғы мәдениет саласында қандай тың жаңалықтар күтуге болады?***

– Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан күтеріміз көп. Мәдениет халықтың ой-өрісінің өсуіне қызмет етуі үшін ең алдымен, оның нысандары талапқа сай болуы, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуі, ақыр соңында ақ отаудай жұтынып тұруы керек. Сонда ғана халыққа жасаған мәдени жұмыстардың нәтижесі көрінеді. Алдағы уақытта осы мәселелерді шешу жолында жұмыс жасап, аудан көлемінде елге танымал күйшілер, термешілер, ақындар мен сазгерлердің дискілерін шығару, демеушілерді тауып өнер майталмандары туралы кітаптар шығару жоспарда бар. Бұдан өзге жас таланттарды тауып, оларға өнерде жол ашу – біздің басты мақсаттарымыздың бірі.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Сұхбаттасқан**
**Дулат БЕРІКҰЛЫ.**

**БӘРЕКЕЛДІ!**

**Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы 15 мамырда Атырау облысы, Ганюшкино ауылында дүниеге келген. Ұшқыштық өмір жолын Оралдың аэроклубында бастап, кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «Қанатты қыз» атанған. Хиуаз батыр ерлігін ұлықтау мақсатында Атырау облыстық ардагерлер кеңесі арнайы шәкіртақы тағайындаған болатын.**

**Биыл екінші мәрте өткен Х.Доспанова атындағы шәкіртақы тағайындау конкурсында Ереже талаптарына сәйкес, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті физика мамандығының 3-курс студенті, Ш.Еркінов атындағы орта мектебінде білім алған Фариза Еділжанқызы аталмыш шәкіртақыны иеленді. Осыған орай, біз шәкіртақы иегерімен аз-мұз сұхбаттасқанды жөн көрдік.**

# Фариза – Хиуаз батыр атындағы шәкіртақы иегері




***– Х.Доспанова атындағы шәкіртақы тігілген байқаудың болатынын қайдан білдіңіз?***

– Куратор Баян Олжағалиқызы шәкіртақыға студенттердің құжаттары қабылданып жатқанын айтқан еді. Мен бұған дейін шынымды айтсам, Х.Доспанова атындағы шәкіртақы бар екенін білмеппін. Содан кейін құжаттарымды тапсырдым.

***– Байқау қандай түрде өтті? Үміткерлер саны көп болды ма?***

– Байқауға қатысқан үміткерлер саны көп болды. Өйткені, Атырау қаласындағы барлық оқу орындары мен колледждер студенттері қатысты. Менің ұсынған құжаттарым ереже талаптарына сай болып және шәкіртақы жеңімпазы болғанымды естідім.

***– Қойылған талаптары жайлы айтып кетсеңіз?***

– Байқау талаптары бойынша студент үздік оқуы, тәрбиелі, қоғамдық жұмыстарға қатысы және белсенді болу керек.

***– Жеңіп алғандағы әсеріңіз қандай?***

– Қуанышымда шек болмады. Оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Тіпті, жеңімпаз атанамын деген ой болған жоқ. Мен облыстық Ардагерлер Кеңесіне және төрағасы Қатимолла Ризуанов ағамызға халқымыздың қыран қызы Хиуаз атындағы арнайы стипендия тағайындап, батыр есімінің насихатталуына және жастардың соған лайық болуы үшін жасап отырған жұмыстары үшін айтар алғысым шексіз!

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Анаргуль МЕРСАДИКОВА,**
**Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ-нің студенті.**

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# ЖҰБАН ТАМЫ

**Құлсары қаласынан солтүстікке қарай 90 шақырым жердегі биік төбенің үстінде Жұбан мазары (тамы) орналасқан. Ол XIX ғасырдағы сәулет өнерінің үздік туындысы ретінде республикалық дәрежеде қорғауға алынған. Мазардың күмбезімен қоса алғандағы биіктігі 9,05 метр, тік бұрышты жоспарда (5,85 х 6,75 метр) салынған. Мамандардың айтуынша, ескерткішті құрылысы жағынан алып қарағанда Батыс Қазақстандағы көптеген тақта тасты мазарларға ұқсайды. Сырты мен іші әшекейленіп, оюланған мазарды салуға пайдаланған әктас-ұлутас Қобыланды аталатын жердегі Таскескен карьерінен жеткізіліп, ішкі қабырғалары түрлі-түсті бояумен өрнектелген. Оның ішінде 5 қабір және Жұбан байдың құлпытасы бар. Ал, осы Жұбан бай туралы не білеміз? Ол қай жылы туып, қай жылы дүниеден өткен? Жалпы, мазарды салған кім, және оны қай жылы салды?**



Расында, жоғарыда айтып өткеніміздей Жұбан Еламанұлы өте бай кісі. Оның малының көптігінен кезінде жер қайысатын көрінеді. «Маңғыстау» облыстық газетінің 1991 жыл 7 ақпандағы санында жазылған Жолдасқан Сүйесіновтің мақаласына сүйенсек, оның 20 мың жылқысы,12 мың түйесі, 6 мың сиыры, 4 мың қойы болған. Бұл қазіргі күндегі есеппен есептесек бірнеше ауданның малы емес пе?! Осы тұста, Жұбан Еламанұлымен туысқан болып келетін Дәрібай Нұрсұлтановтың атасы Нұрсұлтанға жасаған жақсылығы туралы ел аузынан естіген мынадай әңгімесіне тоқтала кетейік:

«Нұрсұлтан атамыз бес қаруын асынып, ит ертіп, аң аулап, жақсы ат мініп, ел аралап жүретін сері кісі болған деседі. Оның аңшылықты ұнататыны сондай, жолында жақсы тазы кездесе қалса, ол мініп келе жатқан атын беріп, сол тазыны иесінен атқа ауыстырып алған кездері болған. Тіпті, аң аулайтын итінің санын он үшке дейін жеткізіп, тазыларын «Біреуін – көрініп қашқан аңды жібермей, қуып жетіп алады десе, екіншісін – ізшіл, қалың бұталықтың ішінен аңды өзі тауып аулайды, үшіншісі – інге, үңгірге кірген аңды құтқармайды», – деп сынайтын көрінеді. Бір жылы Нұрсұлтан атамыздың мал өсімі болмай, қыста жейтін соғымға мал сұрап ағайыны Жұбан байға барады. Жұбан бай Нұрекеңе қонақасы беріп, түнімен әңгімелесіп, екеуі бір үйге қонып шығады. Таңертең Нұрекең оянып кетсе, Жұбан бай жатқан үйінің кереге басып айналып:

– Япырмай, мына iніме не беремін-ай, – деп өзімен-өзі сөйлеп жүр екен. Мұны естіген Нұрекең (өр, тік мінезді болған)

– Әй ағасы, жынмен сөйлесіп жүрсің бе, беретін малың болса бермейсің бе? – деп даусын шығарыңқырап жібереді. Бірақ, Жұбан бай өзінің салмақты, биязы, парасатты мінезіне салып, інісінің жаңағыдай шыдамсыздық көрсеткеніне ашық реніш білдірмейді.

Бұлар таңертеңгі шайды ішіп болғаннан кейін, Жұбан бай інісіне:

– Соғымға бір көген арқанға сиятын қой ал, – дейді. Сол сапарында Нұрсұлтан атамыз Жұбан ағасынан бір көген арқанға қосарлап елу шақты қой алып қайтады.

Ауылға келген соң, хабарын ағайындарына айта отырып:

– Қап, өзімнен де болды, егер оған дауыс көтеріп, мінез көрсетпегенімде, бұдан да көбірек мал беретін реті бар еді, – деп өзінің шыдамсыздығына налыған екен деседі».

Демек, бұдан Жұбан байдың ағайындарға деген мырзалығын, әр нәрсеге байыппен қарайтын азаматтық қасиетін көруге болатындай. Енді бүгінгі XXI ғасырға дейін әдемілігін жоймай жетіп отырған «Жұбан тамы қай жылдары салынып, оларға кімдер сүбелі үлесін қосты?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

М.Меңдіқұловтың «Памятники народного зодчества Западного Казахстана» кітабында: «Жұбан тамын 1895 немесе 1898 жылдары салынған», – деп жазылған. Алайда, әлгінде айтып өткен Жолдасқан Сүйесіновтің жазуынша, Жұбан 1871 жылы 48 жасында өзіне там салдырып, там салынып біткен соң ол сол маңға 500 үй тігіп, үлкен той жасаған. Сол тойға күйші баба Құрманғазы Сағырбайұлы мен атақты ақын, жыршы Қашаған Күржіманұлы да барған. Жұбан сол кезде 18 жастағы қызды тоқалдыққа алған екен. Келіншектің құйған шайына риза болған күйші Құрманғазы «Шайың балдай тәтті» екен деп «Балқаймақ» күйін тартып берсе, Қашаған ақын:

Аққұба,толық жүзді, ақша маңдай,
Ажарың рауандап атқан таңдай.
Ұзын шаш белге түсіп серпілгенде,
Шаттанған сезімінен сыр ұққандай,

– деп басталатын жыр арнапты. Жырдың толық мәтіні сақталмаған. Осы жерде маңғыстаулық өнертанушы Ізбасар Шыртанов: «1850 жыл мен 1900 жылдар аралығындағы екінші ас Жұбан Еламанұлының асы. Бұл Қосай ауылының асы. Жұбанға тамда салған. Ол қазір де бар. Мемлекет қарауында күтілуде. Аста 400-500 шамалас үй тігіліп, бас бәйгі 50 жылқы болған. Бәйгіні Кете Дауылтайдың аты алыпты.» («Маңғыстау» газеті 3 шілде 1990 жыл) деп қостай жөнеледі. Соған қарағанда, Жұбан тамын «Өлгенде жылқымның дүбірін естіп жатайын» деп тірі кезінде салдырғанға ұқсайды. Онымен қоса, 1871 жылы 48 жаста болғанда Жұбан 1823 жылы туған. Міне, осындай ғасырдан-ғасырға көне мұра боп сақталған Жұбан тамының құрылысына 20 мың рубль, 10 жылқы, 1 пұт шай, 15 пұт секер жұмсалған деседі.

Бірақ, осынау алыстан менмұндалап көз тартатын әдемі ою-өрнекті тамды кім салғаны хақында әртүрлі деректар бар. Мәселен, М.Меңдіқұловтың жоғарыда аты аталған кітабында: «Нұғыман ұста салған» десе, Жолдасқан Сүйесінов: «Оның шәкірттері Адай руының Қараш бөлімінен тарайтын шеберлер Сартай мен Төреғұл екен», – дейді. Мамандар болса, мазардың ішкі қабырғасындағы соңғы жазуларда «Құрылысты салушы Шәнен Бекбайұлы», – деп жазылғанын айтады. Сондай-ақ, олар осы сирек кездесетін мазарды танымал сәулетші Қаражүсіп ұлдары: Дүйсенбай, Өмір, Игібай салды дегенде дерек барын тілге тиек етеді.

Қалай болғанда да тарихи мұрамыздың алтын қазынасы болып есептелетін бұл мазарды кім салса да сақтап, кейінгі ұрпаққа тұщымды түсінік беру парыз екенінде дау жоқ.

## «Әкеге қарап ұл өскен...»

Ежелден аттың жалында, атанның қомында өскен қазақ халқы «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген мақалды текке айтпаса керек. Өйткені, ата жолын жалғастырып, ата-ана абыройын асқақтату кез келген ұл-қыз үшін мұқалмас міндет. Осы тұрғыдан алып қарағанда, біз әңгімелеп отырған Жұбан Еламанұлы балаларының шоқтығы биік. Олай дейтініміз, Жұбан ұлдарының қай-қайсысы да әкенің ізгілікті ізін жалғастырған, өз заманында үлкен беделге ие дәулетті азаматтар болған.

2007 жылдың көктемінде Жұбанның шөберелері Терекбай, Ысқақтармен кездесудің сәті түсті. Сол кезде бізді Ақтау қаласында тұратын Жұбанның Шам деген баласынан өрбитін Ысқақ есімді шөбересі 80 жастағы ағасы Терекбай Қалиев қариямен кездестіруге алып барды. Ол Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласынан 12 шақырым қашықтықтағы Құланды деген жерде тұрады екен. Олардың айтуларына қарағанда, Жұбанның Шам, Талпақ, Өжек, Жақай, Жарылғап, Бозым, Қали, Көпек деген ұлдары, Үбіш, Бибіш есімді қос қызы болыпты. Оның ұлдары туралы ақын, жыршы Сәттіғұл Жанғабылұлының «Зәкәрия, Шам, Талпақ» деген арнауы да бар. Жыршының аталмыш арнауына тоқталмас бұрын Жұбанның шежірелік түзілімдеріне көз жүгіртейік.

Ол айбарлы да адуынды Адайдың ұрпағы. Адайдан екі бала Құдайке, Келінберді. Құдайкеден Қосай, Қосайдан Тіней, Тінейден Арық, Таңат, Арықтан Құдайберген, Тәңірберген. Құдайбергеннен әлгінде айтқан Сәттіғұл жыршы:

«Пайғамбар Хазыр дарыған
Атаңыз Ғазиз Жұбанға-ай
Бержағың Жұбан, аржағың
Билік құрған Бекболат –
Дәреже, бақыт, байлыққа
Толыққан бар ма бұлардай?
Арғы атаң екен Бекболат
Көрсетіп үлгі – жол салған
Кеңесін кеңнен мол салған
Би екен артық ауданды-ай,
Төресін бұрмай алдынан
Тарқатқан екен дауларды-ай
Қайраты мәлім ауылсың
Сынбаған сағы жау қандай?» – деп «Зәкәрия, Шам, Талпақ» атты арнауында жырға қосқан.

Бекболат, Бекболаттан Өтеш. Өтештен Сары, Сарыдан Қалқаман, Қалқаманнан Еламан, Жанаман, Еламаннан Жұбан, Қалнияз. Жұбаннан әлгінде айтқан Талпақ, Шам, Өжек, Жақай, Жарылғап, Бозым, Қали, Көпек. Талпақтан Қаражігіт Қаражігіттен жоғарыда аты аталған Терекбай қария. Шамнан Асқар, Масан. Асқардан Ысқақ (жоғарыда айтқан), Жетібай, Бекболат, Қуаныш. Осыған қарап, Жұбанның ұрпақтары да бір қауым елді құрайды-ау деген ой туады. Олай болса, әкелеріне сәні мен сәулеті келіскен, ғасырлық ғибраты мол там салдырған Жұбан Еламанұлының ұрпақтары заманында кім болған? Олар тарихта аты қалатындай қандай тағылымды істер атқарды? Екі ғасырдың куәгері, жалынды жыршы Сәттіғұл Жанғабылұлы:

Өшек пен Жақай, Жарылғап,
Келдес пен Мамай – бесеуі
Жігіттер екен дұшпанға
Кетпеген әртүр есебі.
Абыройменен өткеннен
Болған жоқ бөтен өсегі.
Бәрін де хәкім – хан қойған
Ресей патша кешегі.
Мархұмдарды солардай
Адай – ел керек деседі, – деп жырға қосады.

Ақынның бұлайша, жыр төкпелетуі дұрыс та. Оған себеп, әлгінде аттары аталған Жұбанның ұлдары баймыз деп дәулеттілігін бұлдамаған, жарлыға жәрдемдесіп, кедейге көмектесіп, жетім-жесірге қарасуды міндет санаған абыройы асқақ азаматтар. Жұбанмен бірге туған Қалнияз ауылынан тарайтың, өзі кезінде Ақтөбе облысы, Байғанин ауданына қарасты Қопа елді мекеніндегі Абдолла хазіреттің «Көкмешітінде» білім алғаны үшін 5 жылға сотталып келген, бүгінде бақилыққа аттанған Сұпығали Бейішевтен ұрпақтары 1998 жылы видео кассетаға жазып алынған деректерге сүйенсек, Жұбан балалары Маңғыстаудан шығып, Қобда, Арқаға дейін ат артып, жолшыбай жоқ жітіктерге ат мінгізіп, сауда жасаймын дегендерге ақшасын, сауын ұстаймын дегендерге сауынын беріп кете беретін көрінеді. Ендеше, Жұбан байдың Жарылғап, Өжек, Талпақ, Шам сынды балаларына жеке-жеке тоқталып, олардың халыққа жасаған игілікті істері туралы шежіреші Сұпығали Бейішев қарттан естігенімізді баяндап көрелік. Осы жерде республикаға танымал журналист, әнші-сазгер Есенбай Құлиев, журналист Айнахан Есетова және тағы басқалар Жұбан Еламанұлының ұрпақтары туралы қалам тербегенін айта кеткен жөн. Оның да өзіндік себебі бар. Өйткені, бірі Жұбан Еламанұлына ағайын болса, енді бірі жиені болып келеді. Сондықтан, бұл әңгімені Сұпығали қарттан естіді деп білемін. Бірақ, біз тек Сұпығали қарттың айтқандарымен шектеліп қалмай, соны негізге ала отырып жан-жақты зерттеу жүргіздік. Жұбанның тікелей ұрпақтарымен кездесіп, солардың аузынан біраз тың дүниелер жазып алдық. Сөйтіп, зерттеу еңбегімізді толықтыра түстік.

## Жарылғаптың жақсылығы

Мұсылманның бес парызының бірі – қажылыққа бару. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадисіне сүйенсек, кіші және үлкен қажылық өтеп жүрген қажылар – Алланың жердегі өкілдері. Егер олар Алладан тілек тілесе, қабыл етеді. Міне, осыны жете сезініп, жүрегіне имандылық нұрын ұялатқан Жұбанның үлкен ұлы Жарылғап ағайын туысын жинап алып:

– Әкем Жұбан өлгенде жинаған дәулетін өзімен бірге ала кеткен жоқ. Дүние қолдың кірі екенін көзіммен көрдім. Бұл дәулетті босқа жинап не қылам? Одан да елдің қажетіне, мұсылманның парызды жолына жұмсайын. Қажылыққа барғалы отырмын. Осы жолға ниет еткендерің бар болса ала кетем. Жол шығындарың мойынымда, – дейді. Сөйтіп, Жарылғап Тіней ауылының сегіз азаматының жол шығынын өзі көтеріп, қажы атандырады. Солардың бірі – Жұбанмен бірге туған Қалнияздың баласы Жаңұзақ қажы. Ол 1863 жылы Сағыз өңірінде дүниеге келген. Аты кіші жүзге кең тараған Абдолла Хазіреттің шәкірті, Бұхарадағы діни мектепте дәріс алған. Меккеге қажылыққа барған көзі ашық, өз заманындағы алғыр адам болыпты. Кейіннен Былқылдақты ауылында (Атырау облысы, Қызылқоға ауданына қарасты) мешіт салдырып, сол төңіректегі балалардың діни сауатын ашқан. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары мешіт ғимараты құлатылып, оның құрылыс жабдықтары қора салуға пайдаланылды. Соңғы жылдары жергілікті халық, қажының шөбере-шөпшектері оның зиратының орнына көпшілік түнеп зират ететін кесене тұрғызды.

## Талпақтың тағылымы

Жұбан балаларының ішінде тарихи деректерде есімі көбірек аталатыны – Талпақ. Ол 1872 жылы Ойыл ауданының 22 ауылында туған. Жоғарыда айтқан, Терекбай қарияның түсіндіруінше, оның мыңғырған малы, алты әйелі болса да тұяғын басар ұл бала болмаған. Десек те, қазақта бала тұрсын деп туысқанының бір баласын беретін ырым бар емес пе?! Осы ырым негізінде інісі Шамда Қаражігіт есімді ұлын ағасы Талпақтың бауырына басады. Алайда, 1929 жылы нәубетте Талпақты ұстап әкеткеннен кейін көп ұзамай, яғни 1930 жылы ұлы Қаражігітті де тұтқындайды.

– Әкемізді ұстаған кезде мен небәрі төрт жастамын. Шешем мені өзінің тегіне өткізіп, Түркіменстан еліне өтіп кетеді. Ол кезде «халық жауының» ұрпақтарының бәріне қырғидай тиді ғой. Осы күні фамилиямның «Қалиев» боп жүргені де сондықтан, – дейді Терекбай қария.

Жалпы,Талпақтың адамгершілік, ар-ұятты алға ұстаған азаматтығы,тағылымды істері туралы әңгімелер көп. Оған тоқталмас бұрын біз алдымен оның атбегілік қасиетін баяндайық.

Қай уақытта да, жылқы десе елең етпейтін халық некен саяқ. Өйткені, жылқының сайын далада көсіле шапқаны, қыстың қақаған аязында бауырын сызған қалың қарды теуіп жайыла беруі оның басқа түліктерге қарағанда ерекше қасиеті бар екенін аңғартады.

**Б.СИСЕНОВ.**

**(Жалғасы бар).**

«ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА – 2020»

# ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ ЖҮЙЕСІ

## пәтер алу үшін қызмет етеді

**Елбасының таяудағы Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа Жолдауында елімізде тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту, соның ішінде баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді қылуға айырықша басымдық бергені белгілі. Президенттің осы тапсырмасын дәйекті іске асыруда «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы зор рөл атқармақ.**

Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы аясында біздің Атырау өңірінде де көптеген игі істер атқарылуда. Мысалы, облыс орталығындағы Нұрсая ықшам ауданында өткен жылы 120 пәтерлік 2 тұрғын үй құрылысы іске асырылды. Ағымдағы жылдың соңына дейін Алмагүл ықшам ауданы мен Бейбарыс даңғылы бойында 135 пәтерлік 3 үйдің тапсырылуы жоспарлануда. Сонымен қатар, Нұрсая ықшам



ауданында барлығы 450 пәтерлік 9 тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, оның ішінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісі бойынша 232 пәтерді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулына қатысуға өтініш 2014 жылдың 3 қарашасынан 2015 жылдың 3 қаңтарына дейін қабылданбақ.

Жалпы, «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасының бұрынғы іске асырылған бағдарламалардан айырмашылығы халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй сатып алу тең мүмкіншілігін туғызу болып табылады. Ал, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкісі бойынша бұл бағдарламаның екі бағыты жүзеге асырылуда.

Бірінші бағыт бойынша жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй құрылысын жүргізеді және салынған үйлерді Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы барлық санаттағы тұрғындарға өткізеді. Бұл тұрғызылған үйлерді банк салымшылары атында жылжымайтын мүлік болмаса және тұрмыс жағдайын соңғы 5 жылда әдейілеп төмендетпеу талаптары сақталған жағдайда, меншікті жинақтары арқылы және банктің республикалық бюджет есебінен жеңілдетілген пайызымен несие алу арқылы сатып алады. Ал, салымшының меншікті жинақ сомасы тұрғын үйдің құнынының жартысынан аз болса кейіннен сатып алу құқығымен ұзақ уақытқа жалға беру мүмкіндігі қарастырылған.

Жалға беру мерзімі – 8 жылдан артық емес, осы жылдар кезінде жиналған салымды пайдаланып, жетпеген сома үшін 15 жылға жылдық 4-5 пайызбен несие алуға болады. Бағдарлама бойынша жалдау құны 1 шаршы метр үшін 100 теңгеден артық емес. Яғни, бұл бағдарламаның артықшылығы – келешекте сол тұрып жатқан пәтеріңізді сатып алу үшін қаражат жинауға мүмкіндік аласыз, яғни жалға алушының 8 жылдан соң сол пәтердің иесі болуға мүмкіндігі бар.

Екінші бағыт бойынша да жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй құрылысын жүргізіп, салынған үйлерді кейін сатып алу құқығымен жас отбасыларға жалға береді. Жалға алынған пәтерде тұру кезеңінде (8 жылға дейінгі мерзім) сол пәтерді меншікке сатып алу үшін жас отбасы Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкісіндегі өз шоттарына қаражат жинақтайды. Несие 15 жыл көлемінде жылдық 4 пайызбен беріледі. Бұл бағыттың негізгі ерекшелігі – жас отбасылар үшін жалдау ақысы 1 шаршы метр үшін 0 теңгеге тең. Яғни, жалға алу кезеңінде жас отбасылар жалдау ақысынан босатылады.

***«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасына қатысу үшін неден бастаған жөн?***

Біріншіден, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкісімен шартқа отыру арқылы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің қатысушысы болып, өз жинағын жинақтай бастау керек. Екіншіден, аталмыш бағдарламаға қатысу үшін өтінішті Банк бұқаралық ақпарат құралдарында нақты бір тұрғын үй объектісіне арыз қабылдау науқанын жариялаған кезде беру керек.

Бұл үшін жас отбасылар өздері тіркелген жердегі әкімшілікке барулары тиіс. Себебі, осы бағыт бойынша бағдарламаға қатысушыларды жинау, тізімін құру және Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкісіне тапсыру міндеттері әкімшіліктерге жүктелген. Ал, банк бағдарламаға қатысушылардың төлем қабілеттілігін бағалау, жалдау кезеңіндегі салымшылардың меншікті жинақтарының уақытылы жиналуын бақылау, сондай-ақ, тұрғын үйді сатып алу үшін несие берумен айналысады.

«Жас отбасы» бағытында бағдарламаға қатысу үшін төмендегідей талаптар қойылады: Өтініш беру кезінде ерлі-зайыптылардың екеуінің де жасы 29 жастан аспауы тиіс. Егер отбасы толық болмаса, жасы бойынша шектеу тек баланы (балаларды) тәрбиелеп жатқан ата-ананың біріне ғана қатысты қарастырылады, яғни ол да 29 жасты құрайды.

Өтініш беру сәтінде тіркелген неке кезеңі 2 жылдан кем емес мерзімді құрауы тиіс. Аталмыш шектеу толық емес отбасына қатысты емес.

Отбасының құрамына ерлі-зайыптылардың өздері, сондай-ақ олардың кәмелетке толмаған балалары, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың жұмысқа жарамсыз ата-аналары кіреді.

Тағы бір баса айтарлығы, «Жас отбасы» бағыты бойынша бағдарламаға қатысу үшін ерлі-зайыптыларда және отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүлік болмауы керек. Сондай-ақ, соңғы 5 жыл ішінде әдейілеп өз тұрмысын төмендетпеуі тиіс және пәтерді алу болжанып отырған елдімекенде тіркеуде болуы шарт.

Бағдарламаға қатысу үшін Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман мәртебесі бар азаматтар болу талап етіледі. Ал, өтініш берер бұрын отбасының ай сайынғы таза бірлескен кірісі соңғы 6 айда бағдарламада бекітілген шектен аспауы керек.

***Тұрғын үйді сатып алушылар пулы мен үлестік пулдың бір-бірінен айырмашылығы қандай?***

Бірден айтарымыз, тұрғын үйді сатып алушылар пулы Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі салымшыларынан жасақталады. Ал, бағдарлама бойынша жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджет қаражат есебінен тұрғын үй құрылысын жүргізеді. Сондықтан, салымшылар жинағы тұрғын үй құрылысын жүргізуге жұмсалмайды, керісінше аталмыш банктегі шоттарында жинақталады. Бағдарламаға қатысушы банк клиенттері дайын үйлерді құрылыс аяқталғаннан кейін сатып алады. Ал, олардың жинағы және берілген несиелер сомасы құрылыс аяқталған соң мемлекет қазынасына аударылады. Осыған байланысты бұрын орын алған үлескерлер тәуекелінен арыламыз.

Көпшілік арасында қолжетімді, яғни қымбат емес тұрғын үй сапалы болуы мүмкін бе деген сауал туындауы мүмкін. Ал, бұған алаңдауға еш негіз жоқ. Өйткені, бағдарлама бойынша сапалы тұрғын үйдің қолжетімділік принципі толығымен іске асырылуда. Бұл тек бағасының төмен болуы емес, сонымен қатар сатудың және несиелендірудің механизмінде де көрініс табады. Бағдарламада тұрғын үй құрылысының 3 және 4 класты жайлылығы қарастырылған. Атырау қаласы бойынша таза әрлеуде берілетін 3 класты пәтердің 1 шаршы метрінің бағасы 112 500 теңгеден көп емес, басқа өңірлерде 90 000 теңгеден артық емес. Таза әрлеудегі 4 класты пәтерлердің 1 шаршы метрінің құны 100 000 теңге және 80 000 теңге. Тұрғын үй сапасын бақылауды тек өкілетті техникалық бақылау қызметкері емес, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдары да қамтамасыз етеді.

«Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы туралы толық ақпаратты «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Атырау облыстық филиалынан алуыңызға болады. Мекен-жайы: Атырау қаласы, Абай көшесі, 15А/1. Телефондары: қабылдау бөлімі 32-03-03, клиенттермен жұмыс жүргізу басқармасы 32-04-00, Несие басқармасы 32-07-84

**Нұрбол ҚҰРМАН,**
**Қазақстан Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкі Атырау облыстық филиалы директоры.**

МАМАНДАР ТҮСІНІК БЕРЕДІ

**Елімізде 2014 жылғы 1 шілдеден бастап ерікті негізде электрондық түрде шот-фактураларды (ЭШФ) жазып беру мүмкіндігі пайда болды. Батыс Европа елдерінде шот-фактуралардың 90 пайызы электрондық түрде ұсынылады және өңделеді. Ресей ерікті негізде электрондық түрде шот-фактураларды 2011 жылдан бастап, Әзербайжан міндетті негізде 2010 жылдан бастап пайдаланады.**

# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШОТ-ФАКТУРА

## оның артықшылығы неде?

Сондықтан, ЭШФ жазбасы Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде (ЭШФ АЖ) жүргізіліп, оның әкімшісі болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті табылады. Бұл орайда, ЭШФ АЖ ақысыз негізде жүзеге асырылып, оны жазып беру үшін ЭШФ АЖ-ға тіркелу және АЖ-ның қатысушысы болу қажет.

Егер сіз бір шот-фактураны қағаз тасығышта да, сондай-ақ, электрондық түрде де жазып берген жағдайда, түпнұсқа (төлнұсқа) болып ЭШФ АЖ-ға қамтылған құжат табылады. ЭШФ-нің қағаз тасығышта немесе электрондық түрде көшірмелері болуы мүмкін. Ал, ЭШФ салық заңнамасымен белгіленген қуыну мерзімінің өтуі ішінде ЭШФ АЖ-да сақталады және рұқсат берілмеген кіруден қорғалған. Осы тұста, «ЭШФ-ны жазудағы артықшылықтары қандай?» – деген сұрақ туындайды. Бұған жауап іздеп көрер болсақ, ЭШФ-ны жазып беру мерзімін 5 күнді құрайтын қағаз тасығышта шот-фактуралардың жазылу мерзімімен салыстырғанда 10 күнге ұлғайтып, ЭШФ-ны шетел валютасында жазып беру мүмкіндігі туындайды.

Өз қызметкерлеріне шот-фактураларды жазу бойынша құқықтарды табыстауда мүмкіндік беріп, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері жазып берген ЭШФ-ны басқара алады. Егер, Сіз барлық шот-фактураларды электрондық түрде жазып берген жағдайда, іске асырылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша тізілімді ұсынбауға мүмкіндік береді. (300.07).

Сондай-ақ, мөр дайындауға қағаз бен қаражатты үнемдеп, алушыға ЭШФ-ны орналасқан орнына қарамастан жедел жеткізеді де, сатып алушы мен өнім беруші арасында ЭШФ АЖ-да хабарларымен тез алмасу мүмкіндігі туындайды. Және қателерді болдырмай, ЭШФ АЖ форматтық- логикалық бақылауға тексеру жүргізеді.

Бұған қоса, жеке алғашқы бухгалтерлік құжаттарды қосымша рәсімдеуді болдырмайды (тауарлық-көліктік жүкқұжат, төлемге арналған шоттар, сондай-ақ, ЖШФ-да шарттың жеке деректемелерін көрсету мүмкіндігі).

Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді алушы мемлекеттік мекеме болып табылған жағдайда, ЭШФ АЖ-ден «Қазынашылық клиент» АЖ-ге төлеуге арналған шотты автоматты қалыптастырып, бұл төлемге электрондық қаржы құжаттар қозғалысының ашықтығын қамтамасыз етеді.

**Асылбек ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ,**
**Салық есепшілігін қабылдау және өңдеу бөлімінің бас маманы.**

# САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРГЕ ЕНГІЗІЛГЕН АЛЫМ

## ол қалай жүзеге асады?

**18 маусым 2014 жылғы №210-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қабылданған Заңына сай, 2015 жылдан бастап алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілеріне жыл сайын алым енгізіледі.**

Алкоголь өнімдерін бөлшек саудаға шығару және сақтауды жүзеге асырушы салық төлеушілер аталған алымды өз қызметінің әр нысаны үшін жеке төлейді. Ал, лицензиялық алымның көлемі аудандық маңызы бар қалалар мен кенттерде 70 айлық есептік көрсеткіш болса, ауылдық елді мекендерде 30 айлық есептік көрсеткіш. Демек, биылғы жылдың 1 қаңтарындағы жағдаймен алкоголь өнімдерін бөлшек саудалау мен сақтауға лицензиясы бар барлық салық төлеушілер осы жылдың лицензиялық алымын 20 қаңтарға дейін төлеуі тиіс. Алкоголь өнімдерін сату мен сақтауды жыл сайынғы лицензиялық алым көлеміне сай мерзімінде төлемей, жүзеге асырушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Заңның 163 бабына сәйкес, тиісті лицензияның әрекет ету күші тоқтатыла отырып, лауазымды тұлғаларға 120 айлық есептік көрсеткіш, орта кәсіпкерлік нысандары болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға 200 айлық есептік көрсеткіш, ірі кәсіпкерлік нысандары болып табылатын заңды тұлғаларға 700 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

1999 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Этил спирті және алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымын реттеу туралы» Заңының 9 бабы спирттік ішімдіктер сату орындарын және уақытын шектеу мақсатында күшті спирттік сусындарды мейрамхана, кафе, барлардан басқа жерлерде 23 сағаттан 8 сағатқа дейін, этил спиртінің үлесі отыз пайыздан аспайтын ішімдікті 21 сағаттан келесі күннің 12 сағатына дейінгі аралықта жұмыс, демалыс күндеріне бөлінбестен сатуға тыйым салу нормалары қарастырылған.

**Ботагөз ЖАСБОЛАТОВА,**
**Қызылқоға ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.**

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

# Электронды қызметтің қолжетімділігі

**Бұрын соңды электронды түрде қолтаңба түгілі электронды мәтінді жазып, бір нүктеден екінші нүктеге жіберуді елестете алмайтын болсақ, бүгінде анықтаманы да, кезекті де электронды үйде отырып-ақ бір уақыт ішінде қол жеткізуге болады.**

Бүгінгі күнге дейін «Электрондық үкімет» порталында Әділет басқармасы арқылы білім, ішкі істер, ауыл шаруашылығы, еңбек және әлеуметтік қорғау министрліктері, Жоғарғы сот пен Салық комитеті 74 интерактивтік қызмет көрсетеді.

Алдымен, порталдағы электрондық қызметтерді пайдаланбас бұрын, жаңа пайдаланушы ретінде порталға тіркеліп, жеке сәйкестендіру нөмірін енгізіп және кілтсөзді алу қажет. Сондай-ақ, электрондық қызметті пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы тиіс. Бұл дегеніміз – электрондық құжаттың заңды күші болуы үшін қағаз түріндегідей қойылатын жеке адамның қолы. Бірақ, ол біздің жазбаша қолтаңбамыз сияқты емес, сандар жиынтығы болып табылады.

Электрондық цифрлық қолтаңба алу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату және On-line режимінде өтінім беріледі. Сіздің жабық кілтіңіз электрондық цифрлық қолтаңба сыртқы құрылымға немесе файлдық жүйеге құрылады. Жеке азаматтар үшін біріншіден өтінім нөмірі бар және өтініш берушінің қолы қойылған белгіленген үлгідегі өтініш, екіншіден өтініш берушінің жеке куәлігі қажет. Ал, үшінші тұлғаның мүддесі атынан әрекет еткен жағдайда нотариаттық куәландырылған белгіленген үлгідегі сенімхат болуы тиіс.

Қазіргі таңда, 3 жас пен 7 жас аралығындағы сәбилердің 71 пайыздан астамы электрондық үкімет порталы арқылы балабақшаға алынған. Ол үшін ата-ана Халыққа қызмет көрсету орталығына келіп, баласын балабақша кезегіне кояды да жаңа стандарт бойынша қолына алған хабарламамен аудандық білім бөліміне барып, қай балабақшаға кезекте тұрғанын, нешінші нөмірде екенін және қай уақытта баратынын білуіне болады. Сонымен қатар, олар үйде отырып-ақ электрондық кезекке тұра алады. Ол үшін электрондық цифрлық қолтаңба, баланың туу туралы куәлігі, ата-анасының жеке куәлігі болуымен қатар өтініш жазады. Қызмет құны тегін, порталда қызмет көрсету мерзімі 30 минут. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар, көп балалы отбасының балалары, соғысқа қатысушылардың және соғыс мүгедектерінің жеңілдіктері және кепілдіктері бойынша теңестірілген тұлғалардың балаларына жеңілдіктер қарастырылған.

Сондай-ақ, жұмыс іздеп жүрген адамдар да тұрғылықты жері бойынша не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін уәкілетті органға өтініш жасай алады. Уәкілетті орган жұмыс іздеп жүрген адамды жеке басын куәландыратын құжат негізінде, ал «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш жасаған кезде электрондық құжат нысанындағы өтініш негізінде жұмыссыз ретінде тіркеуді жүзеге асырады. Уәкілетті орган өтініш жасалған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, өтініш жасаған адамдарды мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың ақпараттық жүйелері арқылы өтініш беруші туралы деректерді тексергеннен кейін нысанын орталық атқарушы орган бекітетін дербес есепке алу карточкасына мәліметтерді енгізу жолымен жұмыссыздар ретінде тіркейді.

Мұрағаттық анықтама беру – заңды күші бар және сұратылып отырған мәселе бойынша мұрағаттық құжаттар негізінде дайындалған мұрағаттың ресми құжаты. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәселелер жөніндегі мұрағаттық құжаттар негізінде көрсетіледі. Еңбек өтілі мен еңбек ақысының мөлшерін, жасын, білімі мен біліктілігін, мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталуын, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың аударылуын, ғылыми дәреже атақ берілгені, емделу, қамау орындарында болғанын, көшірілгенін және ақталғанын, экологиялық апат аймақтарында болғанын растайтын мүліктік құқықтар туралы растау. Бұл мемлекеттік қызмет те Халыққа қызмет көрсету орталығы және egov.kz электрондық үкімет веб-порталы арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету үшін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған құжат нысанындағы сұрау салу арқылы жүзеге асады. Бұл қызмет Халыққа қызмет көрсету орталығына құжаттар топтамасын тапсырған сәттен немесе порталға жүгінген кезден күнтізбелік 15 күнде бітеді.

Еліміз үшін электронды үкімет құрудың басты басымдығы интернет-байланысқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін көтеру, сондай-ақ, мемлекеттік басқару жүйесіне жаңғырту жүргізу болып табылады.

**Қанағат ИБРАЕВ,**
**халыққа қызмет көрсету орталығының инспекторы.**

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

# V шақырылған Қызылқоға аудандық мәслихаты депутаттарының 2015 жылдың I тоқсанында сайлаушыларды қабылдау КЕСТЕСІ

**№1 сайлау округі.**
**Қосжанов Батыл Орынұлы.**

14 қаңтар. Сағат 10.00-12.00.
Қызылқоға, Тайсойған ауылдық округтері.

**№2 сайлау округі.**
**Жаныкұлов Оңғар.**

21 қаңтар. Сағат 10.00-12.00.
Тасшағыл ауылдық округі.

**№2 сайлау округі.**
**Жаныкұлов Оңғар.**

28 қаңтар. Сағат 10.00-12.00.
Жамбыл ауылдық округі.

**№3 сайлау округі.**
**Есенжанов Асылан Тұрсынғалиұлы.**

4 ақпан. Сағат 10.00-12.00.
Мұқыр селолық округі.

**№4 сайлау округі.**
**Қарабалин Алмас-болат Махмутұлы.**

11 ақпан. Сағат 10.00-12.00.
Көздіғара ауылдық округі.

**№5 сайлау округі.**
**Борашев Мырзабай Қайыржанұлы.**

4 наурыз. Сағат 10.00-12.00.
Ойыл ауылдық округі.

**№6 сайлау округі.**
**Губайдуллин Тлекқабыл Берікұлы.**

11 наурыз. Сағат 10.00-12.00.
Жангелдин ауылдық округі.

**№7 сайлау округі.**
**Бейсқали Толқын Ермекқызы.**

18 ақпан. Сағат 10.00-12.00.
«Нұр Отан» партиясы ғимараты.

**№8 сайлау округі.**
**Аққайнанов Альберт Өтегенұлы.**

18 наурыз. Сағат 10.00-12.00.
«Нұр Отан» партиясы ғимараты.

**№10 сайлау округі.**
**Жақсы Ғабидолла Қапезұлы.**

25 наурыз. Сағат 10.00-12.00.
Сағыз селолық округі.

**№11 сайлау округі.**
**Сүлейменов Мәлік.**

25 ақпан. Сағат 10.00-12.00.
Сағыз селолық округі.

**№12 сайлау округі.**
**Қоданов Құлмағанбет.**

28 қаңтар. Сағат 10.00-12.00.
Сағыз селолық округі.

**ЕСКЕРТУ:** Алдын ала жазылу, қабылдау ауылдық округтер әкім аппараттары арқылы ұйымдастырылады.
**Қызылқоға аудандық мәслихаты.**

## «ХҚКО» РМК Атырау облысы филиалы Қызылқоға аудандық бөлімі бойынша 2015 жылдың I тоқсанына арналған МОБИЛЬДІК ХҚКО ІС-САПАР КЕСТЕСІ

**ТАЙСОЙҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
14 қаңтар, 27 қаңтар, 10 ақпан, 24 ақпан, 10 наурыз, 24 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Тайсойған ауылы, Самарханова көшесі, №4
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 10.00.

**ҚЫЗЫЛҚОҒА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
8 қаңтар, 20 қаңтар, 3 ақпан, 17 ақпан, 3 наурыз, 17 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Қарабау ауылы, Игілік көшесі, №7
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 11.00.

**ЖАМБЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
8 қаңтар, 20 қаңтар, 3 ақпан, 17 ақпан, 3 наурыз, 17 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Қаракөл ауылы, М.Айшуақов көшесі, №41
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 10.30.

**ТАСШАҒЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
13 қаңтар, 22 қаңтар, 5 ақпан, 20 ақпан, 5 наурыз, 20 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Тасшағыл ауылы, М.Нәсіпқали көшесі, №38
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 10.30.

**КӨЗДІҒАРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
13 қаңтар, 22 қаңтар, 5 ақпан, 20 ақпан, 5 наурыз, 20 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Қоныстану ауылы, Қ.Жағалбаев көшесі, №23
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 10.00.

**МҰҚЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
15 қаңтар, 28 қаңтар, 12 ақпан, 26 ақпан, 12 наурыз, 26 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Мұқыр ауылы, Ғ.Есенғалиев көшесі, №20
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 11.00.

**САҒЫЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША:**
Қызмет көрсету күндері:
15 қаңтар, 28 қаңтар, 12 ақпан, 26 ақпан, 12 наурыз, 26 наурыз.
Азаматтарды қабылдау орны:
Сағыз ауылы, С.Қуанышев көшесі, №1
Азаматтарды қабылдау уақыты:
Сағат 10.00.

**Мобильдік Халыққа қызмет көрсету орталығымен бірлесе жұмыс жүргізу үшін округтердегі жауапты мамандар:**
Тайсойған ауылдық округі – Мусағалиева Гүлсұлу
Қызылқоға ауылдық округі – Қойшыбаев Сәрсенбай
Жамбыл ауылдық округі – Наушабаева Ардақ
Тасшағыл ауылдық округі – Қожахметов Дастан
Көздіғара ауылдық округі – Тәкенов Құрмет
Ойыл ауылдық округі – Ақбалашұлы Абат
Жангелдин ауылдық округі – Сәрсенова Амангүл
Мұқыр ауылдық округі – Нұрлыбаева Райхан
Сағыз ауылдық округі – Қалиева Ақылай

# Құрметті ауыл тұрғындары!

Ағымдағы жылдың қаңтар айының 15-і күні сағат 15.00-де «Арман» мәдениет үйінде «Миялы селолық округінің 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және алда тұрған міндеттері туралы» округ әкімі Н.М.Бекешовтің халыққа есеп беру жиналысы өтеді. Жиналысқа барлық ауыл тұрғындарының қатысулары сұралады.

***Миялы селолық округі әкімі аппараты.***

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# Индер ауданы бойынша соғыста қаза тапқан боздақтардың тізімі

Жүнісов Өтепберген
Жылбаев Мақым
Жылқышив Нияз
Жылышпанов Мұхтар
Жылышпанов Пахат
Забьялов Григорий
Завьялов Григорий
Михайлович
Завьялов Николай
Михайлович
Зайнуллин Д
Зайрдуллин Әбуғали
Зайрдуллин Абугали
Закарин Қалкеш
Закладнов Павел
Федорович
Зарбаев Дюсен
Зеленцев Василий
Артемович
Зинешев Ғабиден
Зинешев Ізмұқан
Зинуллин Нұғыман
Зинуллин Тәуен
Зулхарнаев Х
Зулқашев Оразбай
Зұлқашев Сапаш
Ибалиев А
Ибалиев Ү
Ибатов Избасқан
Ибатов Ізбасқан
Ибатов Камариден
Ибатов Қамалиден
Ибраев Бағыт
Ибраев Құмар
Ибралиев Қ
Ибрашев Махмет
Ибрашев Т
Ибрашев Тұрғанбай
Избасаров Муханбетали
Избасаров Т
Избасаров Тәжікен
Избасканов Кабдолла
Изгалиев Жұмсақ
Изгалиев Усенгали
Изғалиев И
Измағанбетов Қ
Илиясов Конкай
Илиясова Сарсенгали
Ильясов Ахмукан
Иманалиев Катжан
Иманалиев Нұртаза
Иманалиев Орынғали
Иманбаев И
Иманбаев О
Иманбаев Ө
Иманбаев Толеп
Иманбаев Үсқали
Имангалиев Багдат
Иманғазиев Ексебай
Иманғазиев А
Иманғалиев Бағдат
Иманғалиев Дүйсеш
Иманғалиев Дүйсеш
Иманғалиев Меңдеш
Иманғалиев Төлеген
Иманғалиев К.
Иманғозин Есенбай
Иманғозин Жұбайғазы
Иманқұлов Досым
Иманов Арыстан
Иманов Зейін
Иманов Файзолла
Исбасаров Иманали
Искалиев Сатым
Исмагулов Бисенбай
Исмайлов Лукпан
Исмайлов Самеш
Исмайлов Тәтеш
Исмуканов Кабдрахман
Исхахов Есенғали
Итенгенов Б
Итенгенов С
Итемгенов Беркеш
Итемгенов Серік
Ихсанов А.
Ихсанов Сағи
Ихсанов Некес
Ишанов Бағыт
Ишанов Қабдеш
Кабденов Нургали
Кабдолов Бақтығали
Кабдешов Мажен
Кабдолов Наби
Кабдолов Науран
Кабдолов Шамет
Кабдугулов Кежегали
Кабдыгулов Дәулет
Кабдыгулов Кенжекара
Кабдыгулов Сундет
Кабентаев Зинолла
Кабентаев Кабде
Кабентаев Мухтар
Кабдіров Кабдіғалім
Кабдіров Кабылкалым
Кабшыгулов Кенжебай
Кабыланов И
Кабиралиев Темірбай
Кагазов Бегайдар
Кадиров Насиполла
Кадкенов Кубаш
Кадкенов Утепберген
Кадкенов Шамар
Кадіржанов Айыпкали
Кадіров Зейнеш
Кажгалиев Арон
Каженов Зейнолла
Каженов Қалым
Қаженов Құлпан
Кажиахметов Даулет
Кажиахметов Камидолла
Казбеков Мажен
Казбеков Науби
Казбеков Рахмет
Казбеков Хадес
Казиев Даулетказы
Қазиханов Әділ
Кайранбаев К.
Қайранбаев Көбеш
Кайырханов Молдаш
Калбагаев Нагим
Калбагаев Нагим
Калиев Арыстан
Калиев Ж.
Калиев Жумаш
Калиев Илан
Калиев Куспан
Калиев Максот
Калиев Стамгази
Калягин Иван Федорович
Калягин Лазарь Иванович
Калыков Едіге
Камалов Ахметжан
Камалов Мұштахан
Камбалов Бактыгали
Каменов Ермеккали
Камзин Құсайын
Канатов Акым
Канатов Бағыт
Канатов Имангали
Кансултанов Ақтілек
Канториев Әбдір
Канториев Әди
Карабаев Мажен
Карабалин Байбатыр
Карабалин Жанша
Карабалин Ташен
Каракөзов Смағұл
Карженкенов Губайдолла
Карженкенов Дюсен
Каресов Бақыт
Кариев Ахметкали
Кариев Ж
Кариев Жауынбай
Кариев Кажыгали
Каримов Зейнолла
Карпеков Кумар
Касайынов Бисен
Касайынов Мусагали
Касанов Құби
Касанов Насиполла
Касанов Нафих
Касанов Фарид
Касанов Хамит
Касенов Зейнеш
Касенов Молдагали
Касенов Мусагали
Касимов Конарбай
Касимов Кумсбай
Кауленов Серіккали
Кауменов Рамазан
Кафизов Төлеген
Кашкенов Тукпат
Кенжалиев Ади
Кенжеалиев Далабай
Кенжалиев Зулхарнай
Кенжеалиев Каби
Кенжалиев Қалым
Кенжебаев Амангали
Кенжебаев Нәсіпқали
Кенжегазиев Досым
Кенжегалиев Файзолла
Кенжегалиев Таубай
Кенжеғалиев К
Кенжеғалиев Ф
Кеңесов К.
Кереев Әділет
Кибасов Амангали
Кибасов Амантурлы
Кибашев Егізтай
Кидашов Мути
Киметоллин Мухит
Кисеев Р.
Кисиев Кабдеш
Кисиев Сапар
Киясов Кауман
Киясов Кенжегали
Климашноиков Александр
Кобешов Акесен
Кожаков Сүгіргали
Кожанбаев Усенгали
Кожабеков Кадірбай
Кожевников М.И.
Кожиков И.
Коишыгулов Кенжебай
Колбагаев Н
Конасов Амангали
Конкашев Долым
Конысбаев Кайып
Косалиев Елемес
Косколов Науаш
Кошанов Утеген
Көкшиев Мустафа
Криков Н.Л.
Криков Николай Лазеревич
Криков Павел Иванович
Криков Петр Иванович
Круглов Сергей Осипович
Круглов Александр
Сергеевич
Ксусанов Әділ
Кубашев Курман
Кубжанов Бахым
Кузин Петр Гаврилович
Кузнецов А.
Кузнецов Николай
Иванович
Кузнецов Сергей
Евстифеевич
Кузнецов Яков Иванович
Кукашов Исан
Кулешов Кабдеш
Кулов Ержан
Кулов Есенгали
Кулов Кенжегали
Кулманов Утебай
Кулманов Шопан
Кулмуканов Мажит
Кулшыгаев Айыпкали
Кулшыгаев Тагим
Кулшыгаев Төлеугали
Кулчиков Назар
Кумсалиев Қайырлы
Курин Георгий
Курин Михайл
Курманбаев Ибрайым
Курманбаев Кадим
Курмангалиев Нурек
Курмангалиев Сапи
Курмантаев Нәсіпқали
Курмашев Қайыр
Курин Г.Е.
Курин Е.И.
Курогкин А.
Курочкин Иван
Александрович
Курочкин Иван Михайлович
Курочкин Н. И
Курочкин П.И.
Курочкин Степан
Александрович
Кусайнов Г.
Кусайнов Исламгали
Кусайнов М .
Кусанов Толеген
Кусайынов Мырзахмет
Кусниденов Гилаш
Куспангалиев Раушан
Куткожин Бергенбай
Кушекбаев Айгали
Кушекбаев Бисенгали
Кушенов Узаккали
Күзембаев Т
Көбалиев А
Көміров Д
Көшалиев С
Кыдыров Гариф
Кыдыров Зулкаш
Кыдыров Мукангали
Кызыров Нухы
Кышымов Сиден
Кішімов Өтепқали
Қабдолов Алман
Қабдолов Алмажан
Қабдолов Жумажан
Қабдолов Мұқан
Қабдолов Молдаш
Қабдолов Сәліш
Қаберов Құсан
Қабдешов Ж
Қабдешов К
Қабдешов Мәжен
Қабидуллин Молдағали
Каденцев Арсентий
Васильевич
Каденцев Николай Д.
Каденцев Василий
Анфикович
Қағазов Ж
Қажиахметов Даулет
Қазбенов Бегайдар
Қазбенов М
Қазбенов Науби
Қазбенов М
Қаймолдин Қонкаш
Қайрошев Зейнолла
Қайрошев Зейнолла
Қайрошев Т
Қайыров Өтеген
Қайырханов Мұханбет
Қалдығұлов Жұмабай
Қалиев Бисенбай
Қалиев Илан
Қалиев Қамұқан
Қалиев Саудабай
Қалиев Тәжіғали
Қалимов С
Қалуов Жолбан
Қалымов Гарифолла
Қалымов Рияш
Қалымов Сәлімгерей
Қамашев Аманжол
Қамбалов Бақтығали
Қамиев Қ
Қамышев С.
Қанатбаев Айтқали
Канатбаев Б
Қанатбаев С.Ш.
Қанатбаев Х
Қанашев Ғизатолла
Қапашев Есен
Қапашев Сәрен
Қарабалин Қ
Қарабаев Мәжен
Қарабалин Сүлеймен
Қарабалин Тәжен
ҚаражановИбраш
Қараманов Ибатолла
Қараманов Ниғмет
Қарашин О
Қарашонов Кайржан
Қарашонов М
Қаржекенов Д.
Қаржекенов К.
Қасанов Куспан
Қасанов Қайыржан
Қасанов Тосуман
Қасымов Кумісбай
Қаусов С
Қашағанов Ізғали
Қашағанов Мұқантай
Қашқынғалиев Қатар
Қидашев Б
Қисаұлы Қ
Қисаұлы С
Қиясов Т
Қожабеков Қадырбай
Қожанов Ізімбай
Қожахметов Сүлеймен
Қожрақов Рысжан
Қозыбағаров Кенжеғали
Қозыбағаров Мүфтеш
Қойбақов Құспан
Қолдығұлов Т
Қонақбаев Мұқангерей
Қонысәлиев Жүндібай
Қонысалиев С
Қонысбаев Өмірсерік
Қонысов Ғаббас
Қоңырбаев Х
Қосанов Н
Қосдәулетов Намазғали
Қосколов Науаш
ҚосбаевАхмед
Қоспанов Б
Қошқалиев Төлеуғабылбай
Қоянбаев Есенғали
Қоянбаев Төлеген
Қуанғалиев Бақтығали
Қуанов Т
Қулетов О
Құрмашев Ғ
Құсайынов Мүтәліп
Құбашев Қабдолғали
Құбашев Артыққали
Құлетов Қ
Құлманов Өсербай
Құрамысов И
Құлмағамбетов Кенжес
Құрманғазиев Нажиден
Құрманғазиев О.
Құрманғалиев Қ
Құрманғалиев Нури
Құрманғалиев Сапи
Құрманов Ысқақ
Құрмашев Ғ
Құрмашев Жамаш.
Құсайынов Кажығали
Құсанғалиев Зинеш
Құсанов Қашау
Құсанов Нығыш
Құсепов Қ
Құспанов Малас
Лачугин Фарей Естафьевич
Лебедев Александр
Константинович
Лебедев Георгий
Константинович
Лебедев Павел
Константинович
Лебедев Василий
Савельевич
Лукпанов Табылды
Луньков Евгений
Александрович
Лұқпанов Қаймат
Лұқпанов Қ
Лұқпанов Құсан
Лұқпанов О
Лұқпанов Төлеген
Лукьяченко Михайл
Касьянович
Лызлов Иван
Ляпин Георгий Иосифович
Ляшев Александр
Мағметов Ахметжан
Маденов Камал
Мадігалиев Досым
Маев Мақсот
Мажитов Ахметжан
Майлыбаев Құрманбай
Макашев Нуртаза
Макеров Н.Ф.
Макершин Әдиет
Максимов Георгий
Арсеневич
Макымов Бұхар
Мақұлов Күрішмали
Малекенов Кадірғали
Малекенов Шон
Малтабаров Күншығар
Мамаев Үмітқали
Мамашев Жолдас
Мамбетов Қойшыбай
Мамедкалиев Қизат
Маметов Куан
Манатейкин Н.Н.
Маңғыбаев Дүйсенбай
Маңғыбаев Косимбай
Маңғыбаев Қ
Манов Қуан
Мамбеткалиев Аманша
Марюнов Иван Николавич
Марьянов Н.Я.
Масахов Төлеген
Мастеков Берікқали
Мауленов Тапен
Маханов Мырзағұат
Маханов Салық
Махашев Қайыр
Махимов Досжан
Махимов Зинахмет
Махметов Жақия
Махметов Шәмеш
Махорин М.И
Махорин Михайл Иванович
Мәженов
Мәуленов Т
Мәукенов Қ
Мәукенов Касым
Медетов Мырзаш
Медетов М
Медетов Хадим
Мендаев К
Мендигереев М.
Мендіғалиев Досым
Мендіғалиев Қуан
Мендіғалиев Өтепқали
Мендіғалиев Сабыр
Мендігереев Жалғас
Мендігереев Касан
Меньшиков А.
Меньшиков Акатий
Ефимович
Меньшиков Александр
Евлантьевич
Меньшиков Михайл
Георгиевич
Меньшиков Яков Павлович
Мергенғалиев К.
Мизенов Александр
Молбаев Биман
Молбаев Е.К
Молдағалиев Жолдыбай
Молдағалиев Ж.
Молдағалиев Т
Молдағалиев Тулебай
Молдашбаев Бекали
Молдашев Ғилым
Молдашов Бисенгали
Молчанов.
Муканбаев Кабдіраш
Муканбеткалиев Елемес
Муканбеткалиев Кожай
Муканбеткалиев Кабдірәш
Муканбеткалиев Тәбіжан
Муканбетов Қажыман
Муканбетов Көкім
Муканбетов Қисма
Муканбетов Рамазан
МукановТемірғали
Мукашов Кайыр
Мукашов Хамит
Муканов Оңқай
Мұқанов Базарбай
Мұқанов Құсайын
Мукасов Мажит
Мурзин Сатай
Мурсекенов Зәкәрия
Мусакаев Сағит
Мусин Әділ
Мусин Жумабай
Мусин Оңғарсын
Мусагалиев Шамен
Мусағалиев Өтегали
Мусағалиев Хабит
Мусақұлов К
Мусин Қапан.
Мустафин Көшір
Мустафин Орак
МуханбетқалиевЕлежан
Мухамедьяров Қ
Муханбетов Губаидолла
Муханбетов Зеинулла
Муханбетов Кажымаш
Мухамбетшин Кабсалык
Мухатов Жұмаш
Мухатов Рашид
Мухаьедин Коншы
Мухтаров Мажит
Мұқашев Құсан
Мұқашев Нақу
Мұқашев Сәфен
Мұқашев Қанат
Мұлқашев Бәріш
Мұлқашев Мауыт
Мұңайтпасов Сағымбай
Мұратов Амантай
Мұқамбетов Б.
Мұқанов Қабдол
Мұқанев Н
Мұқашев Теміртас
Мұқышев Сағынғали

(Жалғасы бар)

ПАЙЫМ

# Тәуелсіз елдің игілігі жолында

**Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық» деген болатын.**




Атырау облысы өз тарихының тамырын ғасырлар қойнауынан алады және айтулы оқиғаларға толы. Атырау жері – көне тарихтың куәсі, туған жері мен халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаншама батыр да батыл ұлдардың басын қатерге тіккенін ішіне сыр ғып, шежіре ғып бүгіп жатыр. Тұрмысқа жайлы жыр іздеген Асан Қайғы баба да бір кездері осында өз ауылын көшіріп әкелген. Кенесары хан мен Абылай хан, Тәуке хан, Әйтеке би мен Төле би, т.б. толып жатқан ұлылардың, Сырым батыр мен Исатай-Махамбет сияқты ұлдардың есімдерін сақтап, ерліктерін көрген де, Құрманғазы мен Динаның, Мұхит пен Мұраттың азаттыққа ұмтылған халықтың арман-мұңын білдірген күйлері мен әндерін алғаш естіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де осынау қасиетті де киелі мекен. Бүгіндері олардың асыл мұралары тәуелсіз қазақ елінің – Қазақстанның халқына қайта оралып, қызмет қылуда.

Қазақстанның Ресей империясының құрамында болған кезеңінде Атырау аумағының тұрғын халқы 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін негізінен көшпелі өмір салтын басынан кешті. Соның ішінде, біздің өлкеміздің еншісіне шалғай мал жайылымдары мен шаруашылық тиді. Индустрияландыру мен отырықшылыққа көшу мұнда Кеңес өкіметінің келуімен байланысты басталды.

Бейбіт еңбек , алаңсыз өмір гитлерлік Германияның Кеңестер Одағына тұтқиылдан шабуылдауымен және кейіннен «Ұлы Отан соғысы» деп аталған соғыстың басталуымен байланысты үзілді, осылайша байтақ елдің барша халқы өз туған жерін қорғауға аттанды.

Аймаққа фашистер жаулап алған аумақтардан көшірілген кәсіпорындардың орналастырылуымен, мамандардың көптеп келуімен байланысты сол сұрапыл кезеңнің өзінде облыс экономикасы әжептәуір дамып, алға басты. Көпшілігі облысымызда тұрақтап та қалды және әлі күнге дейін тұрып жатыр. Жергілікті тұрғындар соғыс өрті шарпыған адамдарды жылы қабақпен қабылдап, қолдарынан келген көмектерін көрсетті. Сол уақыттан бастап Қазақстанның өзге де аймақтары секілді облыста да өздерінің туған жерлері – тарихи Отандарынан еріксіз қоныс аударылған халықтар сталиндік репрессия құрбандары: корейлер, шешендер, ингуштар, болгарлар, гректер, немістер және басқалары келіп, пана тапты.

Облыс экономикасының, өнеркәсіп саласы мен әлеуметтік инфрақұрылымының дамуында, мәдени мұраның сақталуы мен көбейтілуінде облысты мекендеген 100-ден астам ұлт пен ұлыстың өкілдерінің де қосар үлесі мен атқарар рөлі аз емес. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында «Республикамызға тың және тыңайған жерлерді игеруге негізінен бұрынғы одақтас республикалардан келген жастар – 100-ден астам ұлттың өкілдері Қазақстан туралы – ұлттар достығының лабораториясы», деп атады. Басқа халықтарға достық құшағын ашып, татулық танытқан қазақ халқына қарап, елімізді мекен еткен өзге халықтар да бір-бірімен өзара түсіністік пен келісім жағдайында өмір сүруді үйренді.

Қазіргі таңда, біздің бұл жетістігімізге бүкіл әлем көз тігуде десек, артық айтқандық болмас. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы осы тәжірибенің өзегі болып табылады. Әзірге мұндай құрылым ТМД елдері мен әлемде жоқ деуге болады. Ассамблеяның бастамашысы, негізін салушы – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы жарлығы жарияланды. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының Х сессиясында жасаған баяндамасында: «Қазақстанда қоғамның барлық саласында ел азаматтарының этностық тең құқылығы заңнамада бекітіліп, практикада іске асырылған. Ең бастысы, бізде этносаралық өзара ықпалдастықтың басты тетігі ретінде бірегей қоғамдық-саяси институт – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылған» деген болатын. Осы жылдары Атырау облысының өзінде 14 ұлттық-мәдени орталық пен қоғам құрылған. Олардың бәрі бірлесіп, 20 жыл бойына аймақта ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімнің сақталуына өздерінің өлшеусіз үлестерін қосып келеді.

**Жайық ҚОБЫЛАНДЫҰЛЫ,
Кенбай орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі.**

ЖЫР-ШУМАҚ

## «Азаматтұғын арманы биік аңсаған»



Не шара бар ажалдың келгеніне,
Қыршынынан қиылды әке, 41 жасқа
жеткенде.
Көңілге кірбің түсіп күңірендік,
Көнбегенде қайтеміз, көнбегенде?!
Тиянақты еді әрбір ісі жасаған,
Азаматтұғын арманы биік аңсаған.
Жаныңыз болсын әке, жәннатта,
Деп тілейміз енді әркез Алладан.

**Салықов Аманкелді Еділұлының 40** күндік кәдесі Миялы селосындағы «Ақнұр» мейрамханасында 17 қаңтар күні өтетінін хабарлаймыз.

**Әйгерім САЛЫҚОВА.**

## Аудан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер назарына!

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қарашадағы №3-1/600 бұйрығының мәтіні аудан әкімдігінің kizilkoga akimat@mail.ru интернет-ресурсына жарияланғанын және субсидиялауға өтінімдерді қабылдаудың басталғанын хабарлайды.


## ХАБАРЛАНДЫРУ

**АКЖИГИТОВ Руслан Орынжановичтің** атына берілген мемлекеттік нөмірі Е 435 MRM, тіркеме 3735 ED «ЗИЛ» автокөлігінің тех.паспорты жоғалды. Тапқан адамға сүйіншісі әзір.
**Ұялы: 8 701 499 64 91.**

* * *

Орталықтан 4 бөлмелі үй сатылады.
Газы, суы жүргізілген.
Бағасы келісім бойынша.
**Ұялы: 8 778 489 59 71, 8 702 962 89 76.**

* * *

OTAU TV қондырамыз, OTAU TV приставкасына ремонт жасаймыз, элит, стандарт пакеттерін сатамыз.
**Ұялы: 8 701 457 96 00, 8 771 177 58 23.**

***

Америкалық кері осмос (су тазарту) жүйесіне тапсырыс қабылданады.
Бағасы 140-160 мың теңге.
**Ұялы: 8 701 233 49 90, 8 777 311 63 75, 8 771 814 30 60.**

* * *

Автомобильдерге қосалқы бөлшектерге (түпнұсқа және балама) тапсырыс қабылданады. Әкелінуі 10-20 күн аралығында және
НТВ қондырғысына тапсырыс қабылданады:
НТВ + Лайт 89 канал (85-SD, 4-HD) – 1,5 жылға дейін тегін қалған уақытта айына 150 теңге.
НТВ + толық 201 канал (171-SD, 29-HD, 1-3D) айына 1000 теңге.
**Ұялы: 8 701 233 49 90, 8 777 311 63 75.**

* * *

2013 жылы шыққан жақсы күйдегі «Фермер УАЗ» сатылады. пр.2500 км. Бағасы келісім бойынша.
**Ұялы: 8 771 346 86 15**

* * *

2006 жылы шыққан «УАЗ» фермер автокөлігі тез арада сатылады. Жақсы күйде, сотка мотор. Бағасы келісім бойынша.
**Ұялы: 8 775 816 2181, 8 771 344 02 80.**


## НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

25 қыркүйек 2014 жылы қайтыс болған **ЕСАЛИЕВ Онгарбайдың** атына мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады.

**Миялы селосы. Абай көшесі, 30 үй.
«Қазақтелеком» мекемесіне қарсы.
Тел: 2-16-10.
Қызылқоға аудандық нотариусы
Галиев Бимырза Талгатович.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Дара кәсіпкер **АЙЖАРИКОВ Әлібектің** атағына берілген 2006 жылғы, зауыттық нөмірі 00720089, Меркурий 115 Ф бақылау-касса аппаратының тіркеу карточкасы, қолма-қол ақшаны тіркеу кітабы, тауар чек кітабі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

* * *

**ГУБАЙДУЛЛИН Оразбай Садуахасовичтің** атына берілген «ГАЗ-53» Е 308 ЕНМ нөмірлі автокөлігінің тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ӨМІР-ӨЗЕН

# Қызылқоғаның Жанбибісі еді



Ардақты ана, аяулы жар, сүйікті әже болған, жауапты қызметтер атқарған азаматша Жанбибі Бабатайқызы кездейсоқ өмірден озды. Бұл оның ұрпақтарына ғана емес, оны білетіндердің бәріне ауыр тиді. Ол 1949 жылы 20 наурызда Атырау облысы Қызылқоға ауданы Кенбай елді мекенінде дүниеге келген.

1955-56 оқу жылында мектеп табалдырығын аттап, 1966 жылы Мұқыр орта мектебін бітірді. Сол жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1970 жылы бітіріп шықты.

Еңбек жолын өзі оқыған Мұқыр орта мектебінде бастап, шәкірттерге орыс тілі мен әдебиетін үйретуге зор үлес қосты.

Жанбибі апай пән мұғалімі болумен қатар, қоғамдық жұмысқа да белсене араласты. Мектеп бастауыш комсомол ұйымының секретары қызметін абыроймен атқарып, ұжымдастар мен шәкірттерінің құрметіне бөленді.

1976 жылы ауданға белгілі азамат Сүгіров Жәлелмен отау құрып, Миялы селосына ауысты. Онда да Жанбибі мектеп мұғалімі, балалар бақшасының меңгерушісі, аудандық Хал актілерді тіркеу бөлімінің (ЗАГС) бастығы болып ұзақ жыл еңбек етті. Ол жұмыстарда халыққа аянбай қызмет ету үлгісін көрсетті.

Жәкеңмен бірге бақытты өмір сүріп, екі қыз, үш ұлды аялап өсіріп, азамат етті, ұлын ұяға, қызын қияға қондыру мақсатында тату өмір кешті. Бірақ, тағдыр Жәлелдің өмірін қысқа етіп, 1993 жылы отбасының балалары мен ағайын туыстың тірегінен ерте айырды.

Жанбибі Жәкеңнің қайғысын нардың жүгін көтергендей көтеріп, балаларды қатарынан қалдырмай, оқытып, еңбекке араласуына, адал да еңбекқор азамат пен азаматша болып өсулеріне бар қажыр-қайратын жұмсады.

Бүгінгі күні Жанбибі ұл-қызынан жеті немере көріп, олардың қызығына енді бөлене бастаған еді.

Амал не, тағдыр өз дегенін жасады. Ойламаған жерден аққөңіл, адал, барша адамды өзіне тарта білетін, бауырмал, сүйікті де сүйкімді, бауырлары мен ұл-қыздарының бәйтерегі, құда-құдағайларының сыйлас, жанашыр жақыны, достарының сырласы, досы, қымбаттысын арамыздан алып кетті.

Енді соңында қалған ұрпақтары аяулы ұстаз, ардақты ана Жанбибі Бабатайқызының 100 күндік кәдесін Атыраудағы «Медина» мейрамханасында, 17 қаңтарда өткізбек.

Қандай жұмыста болмасын биіктен көрінген, Қызылқоғаның Жанбибісі атанған аяулы жанды жерлестері ешқашан ұмытпақ емес.

**Өз тілшіміз.**

| Қызылқоға ауданының қоғамдық-саяси газеті | www.Kyzylkoga.kz | mialy44@mail.ru |

# 2015 жылдың 12-18 қаңтары арасындағы алдағы аптаға арналған жұлдыз жорамал



**Тоқты. 21.03-20.04.** Аптаның басында Тоқтылардың көбісі өзгерістер қажеттілігінің уақыты келгендігін, ал сіз үшін ең бастысы өздеріңіздің ең маңызды мақсаттарыңыз бен тілектеріңізге көңіл аудару екендігін сезетін болады. Сол кезде жақын арада, 15 қаңтардан кейінгі кезеңде, сіз өзіңіздің материалдық негізіңізді айтарлықтай бекітуге және айналадағы ортамен қарым-қатынасты жақсартуға сенуіңізге болады. Серіктестер Тоқтылармен байланысты кеңейтуге қызығушылық тудырады, себебі сіздің ынтаңыз бен творчестволық әлеуетіңіз, сондай-ақ адал және әділ серіктестікке талпынысыңыз өседі.

Қолайлы күн 16 қаңтар. Қолайсыз күн 14 қаңтар.



**Торпақ. 21.04-21.05.** Торпақтардың көбісінде осы кезеңде әріптестер немесе достармен жанжалдар мен келіспеушіліктер туындауы мүмкін, ал кейбір істер мен келіссөздер біршама баяулауы, кейінге қалдыруды қажет етуі мүмкін және тіпті қалағандай тез дамымайды. Торпақтардың көбісі қандай да құпия шиеленістер мен тосқауылдарды алдын ала сезіп, біршама күдіктенетін болады. Алайда, бұл сізге тағы бір рет ойланған шешімді жақсылап ойластыруға және қабылдауға мүмкіндік береді, қарым-қатынастардың болжамсыздығы мен екі жақтылығын жояды және де Торпақтар өздерін қатынастарда айтарлықтай ыңғайлы және сенімді сезінетін болады.

Қолайлы күн 15 қаңтар. Қолайсыз күндер 13,18 қаңтар.



**Егіздер. 22.05-21.06.** Егіздерде осы кезеңде айтарлықтай берік және ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынастарды реттеудің жақсы мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, сіз сенімді тіреу, абырой болатын адамдарды кездестіре аласыз. Олар Егіздердің қызметін ынталандыруға және сізге босаңсуға жол бермеуге жеткілікті жігерлі және алғыр болады. Дегенмен, осы қарым-қатынастар сіздің кәсіби қызметіңізге салмақты өзгерістер енгізуі мүмкін, бұл кейбір болжанбаған жағдайларда көрініс таба алады.

Қолайлы күндер 12,16 қаңтар. Қолайсыз күн 14 қаңтар.



**Шаян. 22.06-22.07**. Кездесулер, келіссөздер мен алынған ақпарат осы аптада Шаяндардың көбісінің сана-сезімі мен өміріне жағымды әсер етуі мүмкін. Осы кезде сіз өз өміріңізде көп нәрсені қайта қарастыра аласыз, өз ережеләріңіз бен қалыптасқан тәртіпті өзгерте аласыз. Жеке өмірде де өзгерістердің ықтималдығы жоғары, және де бұл отбасы құру үшін, сондай-ақ жаңа іскерлік және ұзақ мерзімді серіктестік бастама үшін жағымды кезең. Алайда, осы аптада үй ішімен, әсіресе аға ұрпақ өкілдерімен, негізінен материалдық мәселелер бойынша, жанжалдар мен келіспеушіліктер пайда болуы мүмкін.

Қолайлы күн 15 қаңтар. Қолайсыз күндер 13,18 қаңтар.



**Арыстан. 23.07-23.08.** Ортамен қарым-қатынастар ойлағаныңыздай жақсы қалыптаса қоймайды, және де сізге оларға деген өзіңіздің сындарыңызбен бен талаптарыңызды тоқтата тұруыңызға тура келеді. Сондай-ақ, осы кезеңде бизнесте немесе жұмыс орнында мәселелер туындауы мүмкін. Әсіресе, сізге осы кезең туралы 15 дейін ұмытпау қажет, жағдай анағұрлым шиеленіскен кезде дауларды, жанжалдар мен мәселені күштеп шешуге бейімділік пайда болады. Сонымен қатар, Арыстандар барлық ұсақ-түйек реніштерді ескеріп, қарым-қатынастағы басты мәселе туралы ұмытпаулары керек. Себебі, айналадағыларға деген жоғары талап етушілік болашақты жағдайлар қатарын бұзуы мүмкін.

Қолайлы күндер 13,18 қаңтар. Қолайсыз күн 15 қаңтар.



**Бикеш. 24.08-23.09.** Сіз үшін барлығы Бикештерге айналадағылар көрсете алатын қолдаудан тәуелді болады. Осы кезде серіктестер қиын жағдайдан шығу үшін адам сенбейтін шешімдерді ұсынады, сондай-ақ, материалдық жаққа қарағанда моральдық жағынан жоғары дәрежеде қолдау алады. Сондықтан, осы кезеңде Бикештер нақты қаржылық көмекті ала алмайды. Сонымен қатар, сіздің көптеген ойларыңыз болашаққа ойластырылатын болады, сондықтан мезеттік нәтижелерді күтудің қажеті жоқ. Бикештердің дарыны мен қабілеттері осы кезеңде назарсыз қалмайды, осының арқасында сіз өзіңізді тек атқарушылық жағынан емес, жан-жақты және өнерпаз тұлға ретінде көрсете аласыз.

Қолайлы күн 14 қаңтар. Қолайсыз күндер 12,16 қаңтар.



**Таразы. 24.09 - 23.10.** Осы кезеңде сіздің кейбір ойларыңыз бір орында тұрып қалуы немесе аға ұрпақ өкілдерімен қабылданбауы мүмкін. Осыдан басқа, көптеген Таразыларға сіздің жұмыстағы ұйымдаспаушылығыңыз бен тәртіпсіздігіңіз кедергі келтіреді. Осының салдарынан сіз сырт әсерге оңай түсіп қалуыңыз мүмкін. 14 қаңтардан кейін Таразылар интуитивтік бола бастайды, және де бұл сізге оңтайлы жолмен қарым-қатынастар мен табысты жағдайларды жоспарлауға көмектеседі. Осы кезде жұмыс орнында жағымды өзгерістер болуы мүмкін, жаңа қызметкерлер пайда болады, жұмыс үшін жағдайлар анағұрлым ыңғайлы болады.

Қолайлы күндер 13,17 қаңтар. Қолайсыз күн 15 қаңтар.



**Сарышаян. 24.10-22.11.** Осы кезде Сарышаяндарға жаңа адамдармен көп қатынасу, кездесу, саяхаттау, қауым арасына шығу, тәжірибе мен жаңа ойлармен алмасу қажет. Сонымен қатар, сіздің энергетикалық әлеуетіңіз өсе түседі. Сарышаяндар осы кезде оңай жаңа таныстарға ие болады, осы кезеңде сіз өзіңізге кармалық серіктестер тартуыңыз да әбден мүмкін, олармен байланыс Сіздің зодиак белгіңізге жататын адамдардың әрі қарайғы эволюциясы үшін маңызды болуы мүмкін.

Қолайлы күн 14 қаңтар. Қолайсыз күндер 12,17 қаңтар.



**Мерген. 23.11-21.** Сіздің қаржылық қызметіңіз ретке келіп, табысты арттыруға көп мүмкіндіктер болады. Осы жағынан да Мергендер айтарлықтай өнертапқыш, тапқыр болады, тәуекелге барады, сондықтан, болашақта жобалар құра алады, қаржылық мекемелермен істерді табысты жүргізе алады. Несиелер рәсімдей алады, қарызға ақша алады, сондай-ақ, қаржыны бизнесті кеңейтуге бағыттай алады. Бұл келісімшарттар жасасуға, жаңа жұмыс бастау үшін қолайлы мезет. Көптеген Мергендер осы кезде ақшаны өте ұтымды инвестициялай алады, сонымен қатар ірі сатып алулар жүргізе алады, сапарларға аттана алады.

Қолайлы күндер 12,17 қаңтар. Қолайсыз күн 15 қаңтар.



**Тауешкі. 22.12-20.01.** Тауешкілер эмоциялық және өнерпаздық өрлеуді сезінеді. Осы күндер Тауешкілердің көбісі үшін көшбасшы қабілетін, кәсіпқойлықты көрсете алатын сапарлар, кездесулер мен келіссөздер үшін қолайлы, сондықтан, басшылық пен әріптестер сіздермен, Сіздердің ойларыңыздың дамуымен серіктес болуға қызығушылық білдіреді. Өзінің адамдарды басқару мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында Тауешкілер өз жоспарлары мен ниеттеріне капитал мен сыбайластар тартудың жаңа әдістерін таба алады. Сондықтан да осы кезеңде пайда болатын ойлардың көбісі болашақта да белсенді дамитын болады.

Қолайлы күн 14 қаңтар. Қолайсыз күндер 12,17 қаңтар.



**Суқұйғыш. 21.01-19.02.** Осы кезеңде байланыстар, кездесулер, жоспарлар мен болашақты талқылаулар үлкен табыспен өтуі мүмкін, себебі жаңа ойлар мен ұсыныстар шынайы бейнеге ие болады. Ал, Суқұйғыштар ішкі сенімсіздік пен айналаның жағымсыз қатынасымен байланысты бұрынғы шектеулерді жеңе алады. Сондай-ақ, бұл өз мәселелері мен жоспарлары туралы айтып, жақындардың қолдауына ие болып, сүйіспеншілік, серіктестік және туыстық қатынастарды айтарлықтай нығайту үшін жақсы уақыт. Алайда, сіздің айналаңыздағыларға мұқият болуыңыз абзал.

Қолайлы күндер 13,18 қаңтар. Қолайсыз күн 15 қаңтар.



**Балықтар. 20.02-20.03**. Келе жатқан апта басшылықпен қарым-қатынас, жаңа жобалар мен ұжымдық шығармашылық үшін қолайлы. Балықтардың келе жатқан өзгерістерді сезу қабілеті сізге уақытылы өзіңіздің ескі байланыстарыңызды қайта қарастыруға, елестерден, жағымсыз әдеттер мен жалған түсініктерден босансуыңызға мүмкіндік береді. Іссапарлар, іскерлік және шығармашылық қарым-қатынастар сәтті болуы мүмкін, олардың нәтижесінде сіз өз жоспарларыңызға жаңа таныстарды, демеушілер мен көмекшілерді тарта аласыз. 14 кейін Балықтарға өз белсенділігін бәсеңдету қажет, өйткені осы кезде Сіздің энергетикалық әлеуетіңіз төмендей бастайды.

Қолайлы күн 14 қаңтар. Қолайсыз күндер 12,16 қаңтар.

ЖАЙДАРМАН

## Жастардың жаңа жылдық тартуы

**Қай-қай мерекеде де халықтың көңілін көтеріп, жайдарлы жүретін жайдарманшы жастар жаңа жыл қарсаңында «Арман» мәдениет үйінде «Жаңа жыл, жаңа жылда жаңа нұр» атты мерекелік концерттерін берді.**

Кеш барысында «Гимназия жастары», «Жігіт сарбаздары», «Жастар KZ", "Неюстарс», «Көп нүкте» жайдарман командалары өздерінің жаңа жылдық әзілдерімен көрерменнің жүрегіне жол тауып, күлкіге кенелтті. Сонымен қатар, жас әншілер Нұрсипат Ізбасарова, Әселхан Бауыржанқызы, Азамат Қабыловтар ән айтып, мереке шырайын кіргізсе, «Элемент Х» және «Көркем-ай» бишілер тобы да өз өнерлерін ортаға салып, әдемі кешті әрлендіре түсті. Қағытпа қалжың, әуезді ән, ырғақты биді бір арнаға тоғыстырған жастардың бұл кеші жаңа жылға таптырмас тарту болды.

**Дулат МӘТЖАН.**

Меншік иесі: «Атырау-Ақпарат» ЖШС Директор Төлеген БЕРІШБАЙ

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы Бауыржан СИСЕНОВ

Телефондар: Бас редактор: (факс) 2-17-38, қалалық тел: 30-51-15

Бас редактордың орынбасары-жауапты хатшы міндетін уақытша атқарушы Бауыржан БЕРДІҒАЛИЕВ

Тілшілер: Бақытжан Нұрқасымов, Дулат Ғұбайдуллин, Гүлмира Тілегенова
Дизайнер – Кәмшат Әбіш
Корректор-іс жүргізуші – Айымгүл Қосыбаева
Теруші-оператор – Нұрлықыз Беркенова
Жарнама менеджері – Гүлфарида Мінетаова

Бөлімдер: тел: 2-17-64 қалалық тел: 30-51-16.

• Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 12 тамыз күні тіркеліп, тіркеу туралы №13387-Г куәлігі берілген.
• Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
• Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Нөмірдің кезекші редакторы Д.ҒҰБАЙДУЛЛИН

Атырау қаласындағы “Атырау-Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды Ж.Молдағалиев көшесі, №29 үй

Таралымы 3636 дана. Тапсырыс № 14

Мекен-жайымыз: 060500 Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосы, Қ.Сәтбаев көшесі, №17 үй. Ауыл шаруашылығы басқармасы ғимараты.